

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ**

Пән коды: ЖБП 03

Пәні: Қазақ тілі мен әдебиеті

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Курс:1

Семестр:1,2

Бақылау түрі: емтихан

Барлық сағат/кредит көлемі: 120/5

Студенттің өзіндік жұмысы: 24

Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы:12

Теориялық: 84

Шымкент, 2025 ж.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 2 беті
Әдістемелік өңдеу		

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		73-11-2025 72 беттің 3 беті

№ 1 сабақ

5.1.Тақырып: Қазақстандағы еңбек нарығы: сұраныс пен ұсыныс.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Максаты: Еңбек нарығы ұғымын, құрылымын және қызметін түсіндіру, еңбек сұранысы мен ұсынысы арасындағы байланысты анықтау, білім алушылардың логикалық ойлауын, экономикалық сауаттылығын дамыту, талдау, салыстыру, аргументтеу дағдыларын жетілдіру. Еңбекке деген жауапкершілік пен құрметті қалыптастыру, әлеуметтік әділдік және өзін-өзі дамытуға ұмтылу тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері : электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; мәтінді қиналмай әңгімелеуге, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1.Еңбек нарығы туралы

2.Еңбек нарығында қандай әлеуметтік мәселелер.

3. Еңбек нарығындағы тепе- теңдік

4. Еңбек нарығындағы бәсекелестік

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Еңбек нарығы

Еңбек нарығы- жұмыс күшін тауар ретінде сату- сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Нарықтың тікелей әсер етуімен жоғары біліктілікке құрылған еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді. Еңбек нарығында өте қабілетті, іскер жұмыскерлер тандап алынады. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқаулар мен әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жлғары шапшандығын, іскерлік пен біліктілікті талап етеді. Еңбек нарығы – бәсекелестік нарық. Онда жұмыс орындары мен еңбек орындары мен еңбек ресустарының арасында сйкессіздік болады. Жоғары біліктілікті қажет ететін жұмыс орындарының бір бөлігі бос болып қала береді, ал арнаулы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлігі жұмыс таба алмайды. Осындай жағдайда қандай да жұмыс түрін табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Сонымен қатар өз еңбегімен жоғары табыс көздеген жоғары білікті жұмыскерлер мен мамандар да бір- бірімен бәсекелік сайыста болады.


Тапсырма 1. Мәтінді тыңдаңыздар. Мәтін не туралы? Еңбек нарығында жұмыскерлерге қандай талаптар қойылады?

Тапсырма 2. Сөздікпен жұмыс. Мәтінде кездесетін термин сөздердің мағынасын анықтаңыз

Еңбек нарығы	
Еңбек ресуры	
Біліктілік	

Тапсырма 3. Төмендегі кластерді толықтырыңыз. Мәтінге сүйеніп және кластерді пайдаланып, шағын монолог дайындаңыз

Жұмыс күші



Тапсырма 4. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым қатынас орнайды. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына және құнына әртүрлі ықпал жасайды. Ол еңбектің бағасына тікелей, ал жұмыс күшінің құнына жанама түрде әсер етеді. Баға өндіріс салалары дамуының басты бағдары. Тауарлар мен қызметтерді тұтынушы мен сатушы, жұмыс беруші мен жалданушы жұмыскер арасындағы қарым қатынастар да дәл сол қызметті орындайды. Жалданушы қызметкерлер жұмыс орындарын олардың «бағасына» қарап таңдайды. Қызметкерлер өзінің жұмыс күшін сол жұмыс күшіне неғұрлым мол ақы (баға) төлейтін жұмыс берушіге сатуға құқы бар. Қызметкерлердің бір бөлігі өз жұмысын жоғар ақы төленетін басқа жұмысқа ауыстырғысы келген жағдайда, жұмыс беруші оларды жалақы деңгейін арттыру арқылы өз кәсіпорнында алып қала алады. Жалпы біліктілігі жоғары қызметкерлер көп салаларда жалақы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады. Яғни, сұраныс пен ұсыныс капитал нарығына қалай әсер ететін болса, жұмыс күші нарығына да дәл солай әсер ете алады.

Тапсырма 5. Сұрақтар бойынша диалог құрастырыңыз

1. Еңбек нарығында қарым қатынас кімдердің арасына орнайды?
2. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына қалай әсер етеді?
3. Өндіріс салалары дамуының бағдары не?
4. Жұмыс берушілер жұмыскерлерге өз кәсіпорнына қандай жолмен тарта алады?
5. Біліктілігі жоғары қызметкерлер көп салаларда жалақы деңгейі (еңбек бағасы) төмен болады дегенді қалай түсінесіз?

Тапсырма 6 . Сөйлемдегі көп нүктенің орнына оңаша және ортақ тәуелдеу жалғауларының қажеттісін қойып жаз. Тәуелдік жалғауы қандай сөз таптарына жалғанып тұрғанын айтыңыз

1. Биыл отандық кәсіпкерлердің жиырма бес ... «Алтын сапа» белгісімен марапатталды.
2. Сіздің бизнес саласындағы өкіл... мектепке компьютер тарту етті.
3. Шетелдік инвесторлар мен Алматының ірі кәсіпкерлер... бас қосты.
4. Айтулы кәсіпорындардың отандық тауарлар... брендке айналуға.
5. Қазіргі таңда жас мамандардың мақсат... — табысқа жету.
6. Олар мәжілісте өздер...нің жетістіктер... жайлы баяндама жасады.
7. Бәріміздің ойлаған... — халықтың жағдай... .

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 5 беті

Тапсырма 7. Мәтінге сүйеніп, еңбек нарығының ерекшелігін айтыңыз. Төмендегі диаграмманы толықтырыңыз. Диалогтен оңаша және ортақ тәуелдеу формасында тұрған сөздерді табыңыз : «Еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесі»

Тапсырма 8 . Мәтін қандай құжаттан алынған? Ол құжаттың елдің дамуындағы маңызы қандай? Мәтінде не туралы айтылған? Мәтінде көтеріліп отырған мәселеге қатысты өз көзқарасыңды айтыңыз

Үшінші кешенді міндет — еңбек нарығын жаңғырту. Біздің ірі кәсіпорындар әкімдіктермен бірлесе отырып, тиісті жол карталарын әзірлеуі керек. Онда қысқартылатын жұмысшыларды қайта даярлау, оларды әрі қарай жұмыспен қамту үшін бірлесіп, инвестиция салу жайы қарастырылуы қажет. Басы артық жұмыс күші бар өңірлерден басқа жерлерге, сондай-ақ ауылдардан қалаларға жұмыс күшін ұтымдылық пен тартуға қолдау көрсету керек.

Тапсырма 9. «Ойшыл қалпақтар». Тақырып: «Еңбек нарығының тетігі — бәсекелестік».

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	«Еңбек нарығы» ұғымы туралы айтады.	Еңбек нарығына қатысты қандай ақпарат білесің?
	Еңбек нарығының артықшылықтары тур айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Еңбек нарығының кемшіліктерін айтады	Еңбек нарығында қандай кемшілік болу мүмкін?
	Еңбек нарығының экономиканы көтеруді тиімділігін айтады.	Оның тиімділігі неден көрінеді?
	Нарықтың экономикаға қатысты өзінің эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. «Еңбек нарығы – бұл бәсекелесу» тақырыбында сұхбаттасыңыздар. Тірек сөздер: жоғары білікті маман, жұмыс орны, жұмыссыздық, бәсекелестік, табыс табу, сұраныс, ұсыныс, жұмысшы күші.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5. 6. Әдебиеттер.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 6 беті
Әдістемелік өңдеу		

мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабақ) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ жауап.

- 1.Еңбек нарығы дегеніміз не?
- 2.Еңбек нарығындағы кәсіпкерлердің рөлі қандай?
- 3.Еңбек нарығының атқаратын басты қызметтері қандай?
- 4.Еңбек нарығының экономикалық функциясына не жатады?
- 5.Еңбек нарығының принциптері қандай?
6. Еңбек нарығы мен жұмыссыздық мәселесінің қандай байланысы бар?
7. Еңбек нарығының қандай жағымды және жағымсыз жақтары болуы мүмкін?

№ 2 сабақ

5.1.Тақырып: Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Әлеуметтік сұраныс ұғымын түсіндіру, Отандық өнімнің маңызын ашу, білім алушылардың экономикалық ойлауын дамыту, сараптамалық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіру, Отандық өнімді қолдауға тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: Тақырып аясында оқушылар графиктік мәтіндердегі мәліметтерді талдауға үйренеді, өзге пәндер бойынша меңгерген білімін, алған ақпараттарын қазақ тілінде сауатты қолдана алады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әлеуметтік сұраныс
2. Отандық өнім туралы мәлімет

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім

Әлеуметтік сұраныс - халықтың белгілі бір тауар мен қызметке деген қажеттілігі сұранысқа әсер ететін факторлар (баға, сапа, жарнама, қажеттілік деңгейі)

Отандық өнім дегеніміз - Қазақстанда өндірілген өнім. Мысалдар: «Рахат» шоколады, «Ақсай нан», «Сұлтан» макарон, «Каспи» қызметтері. Отандық өнімді тұтынудың маңызы: 1. Экономиканы қолдау. 2.Жұмыс орындарының көбеюі. 3.Ұлттық брендтердің дамуы. 4.Тұрақты ішкі нарықтың құрылуы.

Қазіргі таңда отандық тауарларға деген сұраныс артып келеді. Сондықтан еліміздің ауылшаруашылығын өркендетіп, 2021 жылға қарай азық-түлік тауарларының экспортын 40

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 7 беті

%-ға көбейту жоспарланып отыр. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа жолдауында: «Көптеген позиция бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттың өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл әсіресе экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс», — деп көрсетті. Отандық экологиялық таза өнім өндіруде шығыс Қазақстандық омарташылардың жетістігін атап өту қажет. Сұранысқа қарай күніне 2 тонна бал тұтынушыларға жөнелтіледі. Бүгінде оны өңір тұрғындары ғана емес, күллі Қазақстан кәдеге жаратып отыр. Келешекте Қытай нарығына шығару жоспары да бар. Осы аймақтағы белгілі кәсіпкер, қожалық басшысының орынбасары А. Қасымбаев былай дейді: — Жоспарымыз өте көп. Болашақта өнімдерімізді Қытай нарығына шығарғымыз келеді. Бұл үшін кәсіпкерлер палатасымен келісім жасадық. Үлкен жәрмеңкелерде біздің тұтынушыларымыз табылатынына сенімдімін. Қазақстандық ет пен ет өнімдері де шетелде сұранысқа ие. Мал мен құс еті Тәжікстан, Қытай, Өзбекстан, Бірік кен Араб өмірліктері, Иран елдеріне жеткізілуде. Енді олардың қатарына Израиль қосылып отыр. Осы айдың басында уағдаластыққа қол жеткізілді. Израиль жағы сиыр мен қой етін тасымалдауға қызығушылық танытып отыр. Қазір өнімнің бағасы бойынша келісімдер жасалып жатыр. Атап өтетін болсақ, израильдіктер жылына 75 мың тонна сиыр етін импорттайды. Бұл бағыттағы жұмыстар жайында «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Ұлтаев: — Ол етті апару үшін Израильдің ветеринариялық талаптары бар. Сол талаптарға бізден шығып жатқан еттерді сәйкестендіріп, екі тарап келісімшарттарға қол қойды. Егер ветеринариялық жағынан мәселе шешілетін болса, ауылшаруашылық өнімдерімізді, әсіресе ет өнімдерін сол елдің нарығына апаруға дайынбыз. Қазақстандық қымыз өндірушілер де шетелде танылып үлгерді. Сұраныстың артуына орай бие сүтінің құрғақ түрін өндіру алдағы жылы 2 есеге өсіп, 30 тоннаға жеткізіледі. Бұл жөнінде саумал ұнтақтарын шығаратын отандық жалғыз компания өкілдері мәлімдеді. Аталған өнімге сұраныс күн өткен сайын артып келеді. Сондықтан компания өндіріс технологиясын жетілдіріп, оны еліміздің түкпір-түкпіріне, алыс-жақын шетелдерге жылдам жеткізу жолдарын қарастырып жатыр. 95 пайыз табиғи өнімнен тұратын ұнтақтың денсаулыққа пайдасы зор. Компания өкілі Меруерт Өмірбекқызының айтуынша, «экспортқа ерекше қызығушылық танытып отырған мемлекеттер — Қытай, Корея, Жапония, Ресей және Еуропаның бірқатар мемлекеттері. Ұлттық өнімімізді ұлттық бренд ретінде бүкіл әлемге танытуға мүмкіндік бар. Сонда Қазақстан саумалдың отаны ретінде танылады». Осылайша, Қазақстандық өндірушілер шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға ауысуда. Бірегей бренд қалыптастыру арқылы халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігімізді арттыру көзделіп отыр. Мұның барлығы азаматтардың Отан алдындағы парызын сезінуіне байланысты.

kazakh-tv.kz

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Мәтін бойынша конспект жазыңдар қою әріппен жазылған сөз тіркестерінің жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Тапсырма 2. Сұраққа жауап беріңіз.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 8 беті



АЛТЫН САПА

Бұл — ненің суреті? Оның ұлттық өндіріспен қандай байланысы бар? Ақпарат көздерінен бұл белгінің тарихы, қоғамдағы маңызы туралы мағлұмат жинап, өз ойыңды таратып айт.

Тапсырма 3. Мәтіндегі парыз, жүктеу, қыруар, жаратушы, мәртебе, опасыздық, ерлік сөздерінің синонимдерін жазыңыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Шағын топпен жұмыс. Отандық өнімді қолда» тақырыбында шағын постер немесе жарнама жасау (топпен).

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 4. Интернет материалдарын пайдаланып, әлемде ұлттық брендке айналған Қазақстандық тауарлар өндіретін кәсіпкерлердің тізімін жазыңыз. Олардың өнімдері жайлы хабарлама жазыңыз

Тапсырма 5. Тыңдалған мәтіннен қажетті сөйлемді дәйексөз ретінде алып, әр адамның отан алдындағы парызы туралы мәтін құрап жазыңыз. Мәтінде қандай тәуелдік жалғауларын қолдандыңыз?

Тапсырма 6. «Сұхбат» ролдік ойыны. Мәтінде аталған кәсіпкердің ролінде сұхбаттасыңдар. Сұхбатта сұраныс, экологиялық таза тағам, уағдаластық, өндіріс, кәсіпкерлік, өзгермелі орта, тапсырыс және т.б. сөздерді қолданыңыздар.

Тапсырма 7. Суреттерге қара. Онда қандай ұлттық өнімдер көрсетілген? Ақпарат көздерінен мәлімет тауып, олардың ұлттық өндірісті дамытудағы маңызы туралы айтыңыз.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаятының мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 9 беті
Әдістемелік өңдеу		

мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

5. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

6. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme

7. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

8. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабақ) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ – жауап.

1. ҚР Жеке кәсіпкерлік туралы заңы қай жылы шықты?

1. Кәсіпкерліктің мақсаты не?

2. Кез келген адам айналысуға болатын әрекет түрі.

3. «Кәсіпкерлік» сөзінің мағынасы не?

4. **Жағдаят:** Өздеріңе 1 айға арналған шағын бизнес жоспар жасауға мүмкіндік берілді.

Бизнес жоспар жасауға қойылатын талаптармен танысыңдар. Өзара ақылдасып, жоспар құрыңыздар.

Кәсіпкерлік деген кім? Оған қандай талаптар қойылады?

5. «Өзгермелі орта», «сын көзбен қарау», «өнімді тұтыну» деген тіркестер не мағына береді?

6. Нарық заманында кәсіпкерлерге қойылатын талаптарды диаграмма арқылы түсіндіріп беріңіз.

№ 3 сабақ

5.1. Тақырып: Балғабек Қыдырбекұлы танымал жазушы. Еңбек ер атандырады.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға Балғабек Қыдырбекұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру. Ғалымның бізге жеткен мұрасы, зерттеу еңбектері туралы баяндау.

Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Балғабек Қыдырбекұлы өмірі мен шығармашылығы.

2. Еңбек ер атандырады.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы

Танымал жазушы Балғабек Қыдырбекұлы қоғамдағы келеңсіз мәселелерді сынап, әр түрлі тақырыптарда сықақ, фельетондар жазды. Алғашқы фельетон дар жинағы «Ешкімге айтпа» деген атпен 1962 жылы жарық көрген. Кейінгі жылдарда да осы жанрда өнімді

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 10 беті

туындылар жазды. Соның нәтижесінде «Шай танның шатағы» (1966), «Қара сандық» (1969), «Маздаған шырақ» (1971), «Ұрының еншісі» (1972), «Ақпа құлақ» (1978), «Алатау» (1, 2-кітап, 1986, 1991), «Ақымақтың миы» (1993) секілді шығармалар жинағы жарық көрді. Балғабек Қыдырбекұлы өз шығармаларында халық тарихын, сөз өнерін зерттеді. Сонымен қатар ұлт тарихындағы ірі тұлғалардың бейнесін де шебер сомдаған. Осы тақырыпта қаламынан «Түгел сөздің түбі бір» (1993), «Қым-қиғаш жылдар» (1993), «Қайран Ораз» (1999) және т.б. еңбектер туды. Б. Қыдырбекұлы «Түп-түкияннан өзіме шейін» деп аталатын Қазыбекбек Тауасарұлының қолжазбасын тауып, кітап етіп шығарды. Балғабек Қыдырбекұлы әңгіме жанрында көптеген шығармалар жазды. Оның «Теміржолшы», «Жалғыз жолбарыс өлімі» және т.б. әңгімелерінде қазақ даласындағы сан түрлі оқиғалар шеберлікпен суреттелді. Балғабек Қыдырбекұлы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің екі мәрте (1983, 1990) депутаты болып сайланды. Оған Қазақ журналистикасы мен әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік марапаттар берілді. Жазушы әрі журналист Б. Қыдырбекұлы «Еңбек Қызыл ту», «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған. Балғабек Қыдырбекұлы 1995 жылы 25 маусымда Алматы қаласында қайтыс болды.

Еңбек ер атандырады

Еңбек - адамға өзінің тұтынушылығын қамтамасыз етуге қажетті бүкіл заттар жиынтығын жасайтын адам әрекетінің негізгі формасы. Адам өмірі еңбекпен тығыз байланыста болады. Жалпы, еңбек адамның табиғи жетістігі болып саналады.

Қазақ халқы қашан да еңбекке аса үлкен мән беріп, бала тәрбиесінде де еңбекқорлықты маңызды санаған. Бұған дәлел ретінде «Еңбек – адамның екінші анасы», «Еңбек мұратқа жеткізер», «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады», - деген мақалдардан еңбектенудің адамдарға қажетті нағыз байлық екендігін аңғаруға болады. Ал еріншектік, жалқаулық жақсы қасиетке жатпайды. Тіпті ұлы дана Абай атамыз да еріншектікті бес дұшпанның біреуі санаған.

Сондықтан балаларды кішкене күнінен еңбекке күштар қылып тәрбиелеп, адал еңбекпен тауып жеген нанның тәтті болатынына үйрету керек деп есептеймін. Себебі, біз еңбектенудің арқасында көптеген нәрселерге қол жеткіземіз. Мысалы, күнделікті ішіп- жейтін тамағымыз бен киетін киіміміздің өзі еңбекпен келеді.

Адам өмірінде өзіне ынғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. Сондықтан да «еңбек түбі береке» екенін жадымызда ұстаған абзал.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Сұрақтарға ауызша жауап беріңіздер

1. Балғабек Қыдырбекұлы әңгімесінде қандай мамандық иелері туралы айтылады.
2. Бұл мамандыққа өзіңіздің сұраныс бар ма?

Тапсырма 2. Мәтінді оқушы оқуынан тыңдаңыздар. Білім алушылардың дауыс ырғаға, әуезі ұнады ма? Ұнаса себебін түсіндіріңіздер. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Күн асқан сайын Әліштің жұмысының түрі өзгеріп отырды. Әліш бүгін өзінің бастығы Тарасовқа бір іспен бара қалып еді, ол «сен бүгіннен бастап топырақ тасығаныңды қой да, Сергей Колесниковтың қарауына бар. Жұмысты солармен істе» деді. Бұл сөз Әлішке алдымен қиынырақ тиді. Өйткені Әліш болса орыс тілін білмейді. Ал Сергейдің жанында бір қазақ жоқ бәрі де орыс жігіттері. Сондықтан ол осы топырақ тартқан жігіттермен бірге жүре беруді ұнататын. «Бірақ,—деп ойлады ол,— топта сөз сөйлеймін бе, олардың істейтінін істей

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 11 беті

беруді білемін ғой». Осы екі ойды салмақтап келді де, Әліш тәуекел деп Сергейдің бригадасына кетті.

Әліш енді жолдың топырағын тегістеп, үстіне құм, тас киыршықтарын тасуға тапсырма алды. Ол бұл жұмысты да бар ынтасымен істеді. Поезд осы арадан өткенше асықты ол. Жал бон үйілген топырақтың үстінен тас төселді, бір-екі рет жаңбыр жауған соң, әлгі жал ат тұяғы батпайтын беріш болып қатын қалды.

Тағы бір күні Әліш түйемен ағаш тартатын болды. Ағаш әлі жолға төселінбей үйіліп қойыла берді.

— Сергей, — деді Әліш, — осы топырақты, тасты, ағашты үйіп жатырмыз, ал поезд қашан келеді?

— Асықпа, Әліш, — деді Сергей, — поезд әлі-ақ келеді. Екеуіміз сол поездбен саяхат құрамыз. Өнеугі күні өзіңнің айтқан әңгімең есінде ме? Алматыға осы жерден екі күн жүрдік деп едің ғой, енді сол Алматыға екі сағатта баратын боламыз. Әліштің ойына болашақ өмірі келіп, өзін поезд үстінде кетіп бара жатқандай сезінді.

1. Әліштің арманы не?
2. Арманына жету үшін қалай еңбектенеді?
3. Әліштің іс – әрекетін қалай бағалар едіңіздер?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин. Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау:

1. "Еңбек – бақытқа бастар жол" тақырыбында шағын эссе жазу.
2. Балғабек Қыдырбекұлы өмірі мен шығармашылығы.

№ 4 сабақ

5.1. Тақырып: Ел болашағы – білікті маман.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға Балғабек Қыдырбекұлы туралы, оның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет беру. Ғалымның бізге жеткен мұрасы, зерттеу еңбектері туралы баяндау. Тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау. Пәнге қызығушылығын арттыру, мәліметті түсіндіріп, қолданылу аясын кеңейту.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын - жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу. Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мамандық туралы мәлімет

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 12 беті
Әдістемелік өңдеу		

2. Білікті маман туралы ақпарат.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Ел болашағы –білікті маман

«Ел болашағы – білікті маман» – бұл еліміздің дамуы мен өркендеуі үшін кәсіби шеберлігі жоғары, білімді және бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың маңыздылығын айқындайтын ұран. Бұл тұжырым қоғамның барлық салаларында – экономикада, ғылымда, білімде, медицинада, өндірісте және т.б. салаларда сапалы кадрлардың қажет екенін білдіреді. «Білікті маман» дегеніміз – өз саласында терең білім мен тәжірибеге ие, жаңа технологияларды меңгерген, кәсіби дағдылары жоғары және үнемі өзін жетілдіріп отыратын адам. Елдің болашағы осы мамандардың қолында, өйткені олар – инновацияны дамытатын, өндірісті жетілдіретін, қоғамға оң өзгерістер әкелетін негізгі күш. Мақсаты: Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосу;

Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау;

Жастардың кәсіби бағдарын дұрыс бағыттау;

Техникалық және кәсіптік білімді дамыту.

Мемлекеттік қолдау: «Болашақ» бағдарламасы – шетелде білікті кадрларды даярлау үшін; «Жастар практикасы», «Дипломмен – ауылға», «Серпін» жобалары; Техникалық және кәсіптік білімді тегін алуға мүмкіндік беру (мысалы, колледждерде гранттар).

Бүгінгі күннің талабы: Цифрлық технологиялар мен IT саласының мамандары;

Жасанды интеллект, биотехнология, жасыл экономика, инженерия салалары;

Педагогтар мен дәрігерлер – қоғам тірегі.

«Ел болашағы – білікті маман» қағидасы әр адамға жауапкершілік жүктейді. Әрбір жас өз болашағын дұрыс жоспарлап, сапалы білім мен нақты кәсіп иесі болуға талпынуы қажет. Осылайша біз еліміздің жарқын болашағын бірге құра аламыз.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 1. Мақал –мәтелдің мағынасын түсіндір

1.«Өнерлі қол — байлықтың жолы.»

2.«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.»

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>

4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 13 беті

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018

3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабақ) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы, сұрақ-жауап

1. Менім таңдаған мамандығым тақырыбына эссе жазыңыз.

№ 5 сабақ

5.1. Тақырып: Отандық өнімді пайдаланамыз.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушыларға отандық өнімдердің маңызын түсіндіру. Қазақстанда шығарылатын тауарларды таныстыру, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезім қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері: Отандық өнім мен шетелдік өнімді салыстыра алады. Қазақстанда өндірілетін өнімдер туралы ақпарат біледі. Сапалы, пайдалы отандық өнімдерді тұтынуға қызығушылық танытады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Отандық өнім туралы мәлімет
2. Отандық өнімнің Қазақстанда өндірілуі туралы ақпарат

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Отандық өнім дегеніміз — Қазақстанда өндірілген тауарлар. Мысалы: азық-түлік, киім, тұрмыстық техника, құрылыс материалдары т.б. "Қазақстанда жасалған" маркасы бар өнімдер: Азық-түлік: «Рахат» шоколады, «Садыхан» сүт өнімдері, Киім: Zibroo, KazTex. Техника: «СарыарқаАвтоПром» (көлік), «Алтын алмас». Косметика: «Эфко», «Фито Азия».

Тапсырма 1. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Саған қандай өнімдер ұнайды?
2. Күнделікті қолданатын заттарыңның қайсысы Қазақстанда жасалған?
3. Шетелдік өнім мен отандық өнімнің айырмашылығы бар ма?

Тапсырма 2. Топтарға бөлініп, сұрақтарға жауап беріңіз

- 1-топ: Қазақстанда жасалған азық-түліктер
- 2-топ: Отандық киім-кешек брендтері
- 3-топ: Қолданылатын тұрмыстық заттар мен техника

Тапсырма 2.

1. Отандық өнімдер туралы не білесің?
2. Қазақстанда қандай отандық өнімдер экспорттайды?
3. Қандай отандық тауарларды тұтынасың?
4. Отандық өнімдердің сапасы қандай?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 14 беті

5.Отандық өнімдердің бағасына көңілің тола ма?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру, шағын топпен жұмыс.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

5.7. Бақылау: шағын топпен жұмыс

1.Үйдегі отандық өнімдерді қарап, 5 түрлі өнімнің тізімін жасап келу.

2.«Қазақстанда жасалған» деген таңбасы бар затты алып келу және таныстыру.

№ 6 сабақ

5.1.Тақырып: Орталық Қазақстан – кенді аймақ

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Орталық Қазақстанның географиялық орны мен табиғи ресурстарын таныстыру. Кен байлықтарының түрлері мен орналасқан жерлерін меңгерту.

Өлкенің экономикалық маңызын түсіндіру, патриоттық сезім қалыптастыру.

5.3.Оқу міндеттері: Орталық Қазақстанның табиғи ресурстарын атай алады.

Кенді аймақтардың картадағы орнын таба алады.Кен өндірісінің еліміз үшін маңызын түсінеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:25мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Орталық Қазақстан – кенді аймақ

2. Пайдалы қазбалары.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Орталық Қазақстан – кенді аймақ

Орталық Қазақстан - республикамыздағы ірі индустриалды аудандардың бірі. Жалпы ауданның аймақтық өнім шығарудағы үлесі 9%-дан астамын құрайды. Кен орындарының барланған қоры - отын, электр қуаты, металлургия өнеркәсібін дамытуға мүмкіншілік береді.Ауданда ірі тау-кен металлургия кешені қалыптасқан. Оның құрамына тау-кен өндірісі салалары Орталыққа және түсті металлургия кәсіпорындары, көмір өнеркәсібі кіреді. Аудан экономикасында отын өнеркәсібі маңызды рөл атқарады. Мемлекетіміздің маңызды көмір базасына Қарағанды тас көмір алабы жатады. Онда республикада өндіретін тас көмірдің 32%-ы өндіріледі.Қара металлургия өнеркәсібінің дамуы Теміртау қаласындағы толық циклді комбинатқа байланысты. Комбинатта шойынның 100%-ын, болаттың 97%-ын шығарады. Қуаттылығы жөнінен ТМД көлеміндегі металлургия кәсіпорындарының арасында 7-ші орында.Түсті металлургияда қарқынды дамығаны мыс өндіру саласы,бірақ басқа да түсті металдардың қоры аз емес. Ірі тау-кен металлургия комбинаты Жезқазғанда

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 15 беті

(Қазақстандағы ірі комбинат) және Балқашта салынған. Бұл жерде өндіру, байыту және шақпақталған мысты алу кешенді түрде дамыған. Мыстың мұндай түрі тек Орталық Қазақстанда шығады Орталық Қазақстан аумағында Қарағанды-Теміртау АӨК және Балқаш-Жезқазған өнеркәсіп тораптары орналасқан. Бір-бірімен жоғарғы электр желісі арқылы және темір жолмен байланысады. Қарағанды- Теміртау АӨК (ең қуаттысы) көмір өнеркәсібінің негізінде қалыптасқан. Орталығы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинаты. АӨК-нің құрамына өнеркәсібі дамыған Абай, Саран, Шахтинск қалалары, қала типтес Долинка, Шахан, Топар және т.б. кенттер кіреді. Бұл кешенде металды көп қажет ететін машина жасау және негізгі химияның салалары дамыған. АӨК-ні сумен Ертіс - Қарағанды каналы және Нұра су қоймасы қамтамасыз етеді. Балқаш және Жезқазған өнеркәсіп тораптары, толық циклді мыс өнеркәсібінің дамуына байланысты қалыптасқан тау-кен байыту комбинаты (оның құрамына кен орны, карьер, байыту фабрикалары, мыс балқыту зауыттары) жұмыс істейді. Орталық Қазақстанның өндіріс салалары көбінесе қоршаған ортаға қолайсыз әсер етеді. Зиянды қалдықтарды азайту үшін кәсіпорындар өнімдерінің қалдығын химия өнеркәсібінде пайдаланады. Жезқазған және Балқаш қалаларында күкірт қышқылы өндірілсе, Теміртау қаласында азот тыңайтқышы, тас көмір шайыры, бензол шығарылады. Қожды құрылыс материалы ретінде және цементке қосуға пайдаланады. Күкірт қышқылын өндіруден Орталық Қазақстан Шығыс Қазақстаннан кейін 2-ші орында.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 1 .

1. Орталық Қазақстан қай аймақта орналасқан?
2. Орталық Қазақстан қандай ірі қалалар бар?
3. Орталық Қазақстанда қандай кәсіпорындар бар?
4. Орталық Қазақста әлемге несімен танымал ?

Тапсырма 2.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау, 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

5.7. Бақылау:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Сұрақтар тізімі:

1. Орталық Қазақстанда қандай пайдалы қазбалар бар?
2. Кен өндірудің елге пайдасы қандай?
3. Қай қалада мыс өндіріледі?

№ 7 сабақ

5.1. Тақырып: Қарағанды кеншілер қаласы. Ғабиден Мұстафин. Қарағанды романынан үзінді.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 16 беті

5.2. Мақсаты: жазушының өмірімен шығарамасын меңгерту, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру,

5.3. Оқу міндеттері: шығарма жайлы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу, балаларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты айта білуге дағдыландыру, халқымыздың мұрасын бағалай білуге тәрбиелеу

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қарағанды кеншілер қаласы.

2. Ғабиден Мұстафин. Қарағанды романынан үзінді.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Қарағанды кеншілер қаласы

Қарағанды қаласы –Қазақстанда жетекші орын алатын ірі өнеркәсіптік аймақәрі индустриалды орталық. Қарағанды –Теміртау өнеркәсіпті аймағына көмір, қара металлургия, химия және мұнай – химия өнеркәсібі , металл өңдеу, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп,көлік, байаныс, тамақ өнер кәсіптері, электр энергиясы, ағаш өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібі және қызмет көрсету саласының кәсіпорындары шоғырланған. Жезқазған аймағында темір, маргенец, алтын, күміс, мырыш және тағы басқа сирек металдар өндіріледі.

Бүгінде Қарағанды облысы өзін-өзі ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерімен толықтай қамтамасыз етеді. Облыста сүт өңдейтін 16,ет өңдейтін 50-ге тарта кәсіпорын ,жекеменшік шаруашылықтар бар. Қазіргі кезде « Миттал Стил Теміртау» зауыты шойын, болат, агломерат т.б. өндіріледі.Бұл өнімдер Қазақстандағы бүкіл өндірісті, өнеркәсіпті қамтамасыз етеді. Осылайша, индустриалды аймақ өңір экономикасына серпін беруде.

Ғабиден Мұстафин. Қарағанды романынан үзінді

Ғабиден Мұстафин (29 қараша 1902 жыл, Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жауыр тауы – 20 қантар 1985 жыл, Алматы) — қазақ жазушы, Қазақстанның халық жазушысы (1984), қоғам қайраткері. Мұстафин Ғабиден өзі өмір сүрген дәуірдің панорамалық суреттерін жасап, қиыншылықтарды жеңе отырып, ілгері ұмтылған қоғамды, ондағы адамдар қарым-қатынасын көркем бейнелейді. Кеңестік дәуір әдебиетінде көрнекті шығармалардың біріне айналған “Қарағанды” романы (1952) – ел экономикасын көтерген өндіріс ошағы мен сол өңірдегі жұмыскерлер, зиялылар турасындағы кең тынысты, күрделі роман.

Қарағанды романынан үзінді

Жұмыс басталды. Көремісін, кеш те келе бастады, — деді Сергей Петрович, — колхозбен шарт жасасқан кезде, бұл көштер өзен суындай құйылады әлі.

Иә, ел хабарланды, елендеп тұр.

Соларға алдымен су, нан, баспана керек. Бізде әзір бірі жоқ.

— Қинағанда су қинар, — деп Сейтқалы желкесін қасыды. Бүкіл Қарағандыда екі-үш құдық болатын, су тереңде. Құдықтың өзін көбейту оңай емес. Бірақ Сергей Петрович судан гөрі баспананы айта береді:

— Темір жол жоқ, құрылыс материалдары жоқ. Қыстыкүні қайда паналайды жұмысшылар?

— Жеті километрде «Қызылқұдық», төрт километрде «Аққұдық», алты километрде «Ащылыайрық», тоғыз километрде «Бұқпа» колхоздары тұр ғой. Тіпті, қысылып бара жатса, жербарак қазып алмай ма? Оған кеп материал керек емес. Бәрінен су қымбат. Суды колхоздан таси алмайды...

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 17 беті
Әдістемелік өңдеу		

Өңгімені шақылдаған балға дауысы бұзды. Биік, темір трубаның дәл түбіндегі тасқора бұрынғы «Герберт» шахтасы орнаған үй. Шахтаның өзін ағылшындар кетерінде мүлде бүлдіріп кеткен. Қазір сол шахта үйінің, бір бөлмесінде Көктайынша балға соғып тұр. Аты өзіне сай, киіктің асығындай ғана адам, ертеде Спасск, Қарағандыда істеген атакты ұста болатын. Донбасшылар келгенін естіп, елден бұрын келді. Жаңа Қарағандыда бірінші соғылған балға, бірінші құрылған көрік соныкі. Қайла ұштап жатыр екен, қолының ебіне Сергей Петрович сүйсініп:

— Темірді балшықтан оңай илейді екенсіз, — деді.

Көктайынша орысша доғал тілімен именбей сөйлесті.

— Қараңызды көрсеңіз не дер едіңіз?

— Ол қайда?

— Қайтыс болған.

— Ескі жұмысшыларға хабарлай беріңіз, келе берсін. Қайлаларын ала келсін, сайман жетпейді.

— Олар өздері де тастамайды. Тек сіз пәтер берсеңіз болғаны. Басқасы бірте-бірте бола береді.

Мосқал ұста уайымды білмейтін сияқты, бар жабдық түгел тұрғандай кең сөйлейді. Дүкенінде сонда тот жеген темір қиқымдары, можа болған ескі қайлалар ғана жатыр. Сыртта, қираған жыртық вагонетка, жіңішке рельстер көрінеді. Козлов, Көктайынша, Лапшиндар осы болмашыдан болашақ мехцехты құрастыра бастаған.

Есік алдына пар ат жеккен бричка келіп тоқтады. Жуантық, аласа бойлы, бурыл шаш адам секіріп түсті ішінен. Қимылы тіпті ширақ, шаң басқан плащын шеше сала сілкіп жатыр.

— Козлов, — деді Көктайынша.

— Борис Михайлович, тез қайттың ғой, — деп Щербаков дауыстады, — не бар екен?

— Жөнді ештеңе қалмапты, — деді де Козлов арбадан тотты темірлер түсіре бастады: қайла, винт, болт, қырықаяқ, болат арқанның үзігі сияқты өңкей ескі-құсқы. Ағылшындар тұсында мыс қорытатын Спасск заводы Қарағандыдан 35 километр, Козлов соған барып қайтты.

Өкелгені осылар ғана.

— Бұдан басқан, бар ма?

— Үш локомобиль, бір-екі камерон сілімтіктерін, біраз труба таптық. Лапшин әкеле жатыр.

— Больше-Михайловкадағы кулак диірменінен не қалды екен?

— Кулак пен ағылшындардан не дәметесіз, Сергей Петрович? — деп Козлов күлгенде, тісінің кетігінен тілі жылтың-жылтың етіп тұр. — Одан да бірер локомобиль, бір движок табылған. Шоқбыттап, жамап байқармыз. Темір жол келгенше қол қусырып отырамыз ба?

— Бері жүріңдер, — деп, Сергей Петрович бәрін соңынан ертті. Басқа бөлмедегі «Гербертке» келді. Тік шахта еді, қараңғы шыңырауға ойлана үңіліп біраз тұрған соң сұрау берді

Сейтқалыға:

— Терендігі қанша?

— Жүз метр шамасында.

— Астында көл жатыр дейді ғой, Ермек?

— Мүмкін. Суы көп болатын, жиылған шығар.

— Сол суды пайдалану керек. Чайков жер астынан екі жерден су тауыпты. Оны да пайдаланамыз. Сонда әзірше су мұқтаждығы жойылады.

— Тамаша! — деп тамсанып та қойды. Оның ойында тек құдық, өзен ғана. Басқа су есінде жоқ.

— Қалай пайдаланбақсыңдар?

— Борис Михайлович есебін табады. Машинамен тартады.

— Машина қайда?

— Машинаны өзі жасайды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 18 беті

Козлов басын шайқай, сылқ-сылқ күлді.

— Неден жасайын? Жұртта қалған мынау салдамалардан ба?

— Оны өзін біле бер. Су керек жұртқа, су! Судан бұрын анау қолбұранды атбарабанға айналдыр. Тезірек, тезірек, — деді де, Сергей Петрович Сейтқалыға бұрылды. — Сіздің забойлар күн санап ұзай береді енді. Ұзаған сайын тачканың берекесі кетеді. Осы «Герберттің» маңында бірталай вагонетка, рельстер жатыр...

— Бәрі істен шыққан ескілер.

— Борис Михайлович іске жаратады. Соларды шахтаға салуға қазірден дайындай беріңіз. Жаңа жұмысшыларды шахтаға жеке жібермеңіз, өзін, не шахтаны бүлдіреді, ескі жұмысшыларға қосу керек. Ескілердің өзі Ермектен көп нәрсені үйренуге болады. Біріне бірі үйретіп, көмектесіп отырса ғана өндіріс кадрлары тез өседі. Кадр өссе, жаңағы біз көрген ысырап, бірақ та болмайды...

Салмақты, байыпты кең адам жайлап түсіндіріп тұр. Оның сөзінен әкімдіктен гөрі әкелік көбірек сезіледі. Сейтқалы, Козлов, Көктайыншаларға тапсырмасын берген соң жалғыз кетті. Екі қолын кен, шалбарының қалтасына бойлата сұғып, жай жүріп келеді. Шытырман ойда «...маман жұмысшыны былай қойғанда, кара жұмысшының өзі жетпей жатыр. Адам күшін де колхоздардан аламыз. Ол адамдар үйретуді, тамақ, киім, пәтер беруді, балаларын оқытуды... тілейді. Атбарабан, тачка, қайламен өндіріс алысқа бара алмайды. Нұра өзенін бұрмай, халық суға да жарымайды. Темір жол жетіп, құладүздегі Қарағандыны Отанымыздың ірі өндіріс ошақтарымен байланыстырғанша талай қиындықтар тұр алда... Бұларды жеңу үшін алдымен партия, совет, кәсіподақ ұйымдарын құру керек...»

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 1. Көп нүктенің орнына қажет қосымшаның қойып жаз.

1.Көмір –адамзат тарихында бір ... пайда болған жер қазба байлық ... бірі. 2. Көмір , мұнай , газ сияқты органикалық заттар ... тұрады. 3.Қарағанды қала ... 1934 жылы құрылған.4. Қарағанды көмір өндіретін ірі кәсіпорын ..., машина жасау , метал өңдеу, тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ көптеген көлік және байланыс кәсіпорындар істейді. 5.Қарағанды республика ең көне зоосаябағы бар.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап.

- 1.Қарағанды облысы қандай өнеркәсібімен танымал?
2. Қарағанды туралы жазылған қандай шығарманы білесің
3. F.Мұстафиннің «Қарағанды» романының негізгі кейіпкері кім?
4. Ол қандай мамандық иесі.
5. Қарағанды жерінен шыққан атақты, көрнекті тұлғалар туралы мәлімет жинақта.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 19 беті

№ 8 сабақ

5. 1. Тақырып: Жарнама жасау.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5. 2. Мақсаты: Жарнаманың мақсаттарын түсіндіру, жарнама түрлерімен таныстыру, өз бетінше жарнама мәтінін немесе бейнесін жасау дағдысын қалыптастыру.

5. 3. Оқу міндеттері: Жарнаманың не екенін және оның түрлерін түсінеді, жарнама мәтінін құрастыра алады, креативті ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамытады, командалық жұмысқа үйренеді.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақстанның экология мәселелері

2. Ұлттық экология бастауларын түсіндіру

3. Сан есімнің жасалу жолдарын түсіндіру

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Жарнама, реклама (франц. *reclame*, лат. *reclamo* — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама көпшілік ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет, Интернет, проспектілер, плакаттар, т.б.) арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның ақылы түрі болып табылады. Кез келген Жарнама хабарламалық, болмаса назар аудартушылық сипатымен ерекшеленді.

Жарнаманың түрлері көп: сату орнындағы Жарнама, институционалдық (жақсы пікір қалыптастыру мақсатындағы) Жарнама, хабарламалық Жарнама, сауда және көлік жүйесіндегі Жарнама, көше Жарнамасы (плакат, афиша), ауызша Жарнама, баспалық Жарнама т.б. Жарнаманың қарапайым түрлері б.з.б. пайда болды. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римде Жарнама хабарландыруларын ағаш тақтайларға жазып, халық көп жиналатын алаңдарда айғайлап жар салатын болған. Баспаға басылған Жарнамалар Англия мен Францияда 17 ғ-да пайда болды. Жарнама қазақ халқына да ежелден белгілі. Оның ауызша үлгілері фольклорлық әдебиетте “жарлық шашу”, “жар салу” ұғымдарымен берілген. Жарнама үлгілері “Қобыланды батыр”, “Мұңлық-Зарлық” және “Оғызнама” жырларында бар. 19 ғ-дың аяғында “Түркістан уалаяты”, “Дала уалаяты” газеттерінде саяси-экон. мәселелерге байланысты, оқу-ағарту, әдебиет және өнер-білім бойынша Жарнамалар берілген. 20 ғ-да Жарнаманың мақсаты мен мазмұны кеңейіп, икемділігі артты, Жарнама тілінің ішкі құрылымы сараланды. Нарықтық экономиканың қанат жаюына орай Қазақстанда жарнамалық қызмет түрлері сан алуан болып дамуда. Жарнама стратегиясымен айналысатын Жарнама компаниялары пайда болды. Жарнаманың бір түрі — афиша (*afficher* — хабарландыру, іліп қою). Театр афишалары — спектакльдер және басқа да көңіл көтеретін шаралар туралы хабарландырулар. Афишалар театрдың алдына, көшелерге, алаңдарға және басқа да көпшілік жүретін орындарға ілінеді.

Жарнама — тауарларға сұранымды қалыптастырып, ұлғайту мақсатында олардың қасиеттері мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты тиімді бағытта тарату. Жарнама — тауардың немесе қызметтің сапасының кепілдемесі деп есептейтін негіздеме бар. Жалған, алдамшы жарнама тауардың нарықта жойылуына алып келеді. Тек қана қанағаттандырылған тұтынушы жарнамаланған қызметтің нарықта тұрақтануын қамтамасыз етеді. Бір де бір өсіп келе жатқан кәсіпкер сапасы төмен қызметті жарнамалап өз қаражатын шашпайды. Мұндай жағдайға кері істерді нарықта тұрақтанбайтын «уақытшалар»,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 20 беті
Әдістемелік өңдеу		

«біркүндік бизнесмендер» пайдаланады, нарықтың заңына сай сапасы төмен қызмет көп уақыт ұзамай жойылады.

1-тапсырма. Бейнеролик көре отырып және жарнама сөзінің мағынасын ашуда топ арасында пікір алмасу;

2-тапсырма. Жарнама дегеніміз не сұраққа берілген жауапты постер арқылы қорғату. Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындау;

3-тапсырма. Сөздіктермен жұмыс жасау. Берілген сөзге, яғни жарнама сөзіндегі әріптерге сөздіктер жазу. Экономикалық термин сөздермен жұмыс жасау;

4-тапсырма. Жарнамалық көрініс. Әр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша жарнамадан сахналық көрініс қойып, келесі топ жасырылған жарнаманы табуы керек;

5-тапсырма. «Слоган» сөзінің мағынасын аша отырып, әр топқа тапсырма беру, берілген тапсырманы орындай отырып әр топ көп слогандар айтып жарысуы керек және жаңадан слоган ойлап табады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: талдау жұмысы.

1. Кез келген тауарға Instagram немесе TikTok форматына сай жарнама мәтіні немесе бейне дайындау.

№ 9 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақ киносының атасы.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға қазақ киносының шығу тарихы туралы түсінік беру, Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Кино өнеріне деген қызығушылықты арттыру, тарихи тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері: Қазақ киносының негізін қалаушы туралы мағлұмат алады, Шәкен Аймановтың өмірбаянын айтып бере алады. Фильмдеріне шолу жасап, тақырыптық талдау жасай алады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Кино өнері

2. Алғашқы кино актерлері.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Қазақ киносының атасы

Кино өнердің бір саласы. Кино өнері- әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнері мен музыканың көркемдік қасиеттерін пайдаланатын синтезді өнер. Қазіргі кино мәдениетінің,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 21 беті

экономиканың, өнеркәсіптің маңызды саласы ретінде танылады. Фильмді жасауға әртүрлі мамандықтағы шығармашыл қызметкерлер: кинодраматург, қаламгер, аудармашы, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер және тағы басқалар қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. Сонымен бірге кино жасау ісіне техника саласындағы мамандар: инженерлер, техниктер, лаборанттар мен қызметкерлер үлес қосады. Алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

Алғашқы кино шежіре 1925 жылы түсірілді. 1928 жылы РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанынан акционерлік "Востокфильм" кино қоғамы құрылды. 1929 жылы Алматыда оның өндірістік бөлімі ашылды да, ол Қазақстанның өмір-тұрмысы туралы "Соңғы хабар" атты киножурнал шығарып тұрды. Реж. В.А. Турин ел өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі болып саналатын Түркістан - Сібір темір жолы магистралінің құрылысы жайлы "Түрксіб" атты деректі фильмін қойды. 1934 ж. Алматыда "Кеңестік Қазақстан" киножурналын үзбей шығарып тұратын Респ. киношежіре студиясы құрылды. Осыдан кейін қазақ киносы жаңа өркендеу жолына түсті. "Ленфильм" студиясының ұжымы қазақтың алғашқы кино қайраткерлерінің қатысуымен "Амангелді (фильм)" (1938, реж. М.З. Ленин) көркем фильмін жасады. Қазақ көркем фильмдерінің тарихы осы туындыдан басталады.

Шәкен Айманов қазақ кино өнерінің негізін қалаушылардың бірі болды. Актер, режиссер және сценарист ретінде үлкен үлес қосты. 1950–1970 жылдары қазақ киносында классикалық фильмдер түсірді. Оның әйгілі фильмдері: "Атамекен" (1966), "Наш милый доктор" (1958) "Атаманның ақыры" (1970) — бұл фильм оның соңғы жұмысы болды.

Тапсырма 1. Мәтінді түсініп оқы, оған ат қойыңыздар. Неліктен олай атағандарыңызды түсіндіріңіз:

Кино, негізінен төрт салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі фильм, мультипликациялық және ғылыми- көпшілік фильм. Көркем фильм - кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол қаламгердің әдеби шығармасын бейімдеу және арнайы жазылған сценарий бойынша актерлардың қатысуымен жасалады. Деректі киноға мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып жасалады. Ғылыми –көпшілік кино- жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын ғылыми жаңалықтар мен зерттеулерді түсіндіретін, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Кейде ғылыми- көпшілік фильм басқа тілден аударылады.

Тапсырма 2 . Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәтін құраңыз:

1	Кино	А	Суреткер
2	Дарынды	Ә	Иесі
3	Өнер	Б	Өнері
4	Театр	В	Режиссер
5	Өз ісін	Г	Шебері
6	Тұңғыш	Д	Тарланы

Тапсырма 3 . Мәтінді оқып шығып, актёрдің қасиеттері мен еңбектері кездесетін білікті табыңыз, баяндаңыз. Актёрдің айтылмай кеткен қандай еңбектерін білесіз?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 22 беті
Әдістемелік өңдеу		

Тапсырма 4. Төменде берілген хронологияның Ш. Айманов өміріне қандай қатысы бар? Мәтінді пайдаланып, дәлелде.

- 1914 жыл
- 1932 жыл
- 1933 жыл
- 1947-1951 жылдар
- 1970 жыл

Тапсырма 5. «ПОПС» формуласын қолданып, «Шәкен — қазақ киносының атасы» деген пікірді дәлелденің

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...».

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем: «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

Тапсырма 6. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Сен кастингке қатысып көрдіңіз бе?
2. Сені белгілі режиссер тандаса, келісер ме едіңіз?
3. Қандай рөлдерді сомдағың келеді?
4. Жақсы көретін актёрің бар ма? Не себепті жақсы көресіз?

Тапсырма 7. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жазыңыз.

Шәкен атақты рөлдерді (сомдау, қою, жасау). Ол Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдерін (қызық орындау, баяу орындау, шебер орындау). Шеберлігімен көпшіліктің (көңіліне бөлену, ықыласына бөлену, рақметіне бөлену). Ұлттық театр тарихында (өшпес із қалдыру, шығарма қалдыру, ой қалдыру). Шәкен Айманов классикалық пьесалар бойынша спектакльдер (жасау, қою, дайындау). Оның қойған шығармалары көрермендердің (көңілін толғанту, талғамынан шығу, мұнын сейілту). Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінде комедия жанрының (басын ашу, негізін қалау, бағын ашу). «Атаманның ақыры» фильмі режиссер Шәкен Айманов шығармашылығының (биік шыңы, мақтаныш, мақсат) айналды. Шәкен Айманов актёр ретінде кейіпкерінің (бағы, жан-дүниесі, бағыты) шебер ашты.

Тапсырма 8. Жоспар бойынша диалог құрастырыңыздар.

1. Айманов Шәкен Кенжетайұлы — қазақтың әйгілі, тұңғыш кинорежиссері
2. Шәкен Айманов қазақ академиялық драма театрында
3. Шәкеннің атақты рөлдері
4. Режиссерлікпен айналысуы
5. Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болуы
6. Шәкен қойған көркем фильмдер
7. Ұлттық кино өнерінде комедия жанрының негізін қалаушы
8. Шәкен Айманов шығармашылығының биік шыңы
9. Шәкен Аймановтың актёр, ұлы режиссер ретіндегі шеберлігі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: семинар

Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдеп, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді. Семинардың қорытындысын жасайды.

Белсенді демалыс түрін тандайтын және ойын-сауық түрін тандайтын туристтер атынан ұсыныстар мен сұрақтар бойынша рөлдік бағытта семинар өткізу.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 23 беті

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша, сұрақ- жауап

Үйге тапсырма

«Мен көрген ең әсерлі қазақ фильмі» — қысқа эссе.

№1 Аралық бақылау сұрақтары.

1. Қазақстандағы еңбек нарығына мысал келтір
2. Сұраныс пен ұсыныс дегеніміз не?
- 2 Іскерлік әлемі
3. Келіссөз жүргізу әдебі
4. Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім
- 5.Еңбек ер атандырады туралы айтып беріңіз
6. Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы.
7. Ел болашағы - білікті маман қолында тақырыбы бойынша баяндап беріңіз
8. Отандық өнімді пайдаланамыз
9. Орталық Қазақстан – кенді аймақ туралы айтып беріңіз
- 10 Қарағанды – кеншілер қаласы.
12. Ғабиден Мұстафин. "Қарағанды" романынан үзінді
- 13.Жарнама жасаудың үлгісі, мысал келтір
14. Қазақ киносының атасы.
15. Қазақстанның қазбалы байлықтары.

№ 10 сабақ

5.1.Тақырып: Қазақ киносының атасы. Шәкен Айманов.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2.Мақсаты: білім алушыларға Шәкен Аймановтың өмірі шығармашылығы, әдебиеттегі орны жөніндегі алған білімдерін жүйеге келтіру, ғылымиландыру.

5.3. Оқу мақсаттары: қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отан сүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, әдеби сөйлеу тілдерін дамытып, ой-өрістерін кеңейту, ұзақ дастандарды қиналмай оқып түсіну, жеткізе білу, шығармашылыққа жетелеу, мәтінмен жұмыс түрлеріне жаттықтыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:25мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әбдіжәміл Нұрпейісов өмірі мен шығармашлығы
- 2.«Қан мен тер» романы
3. Жалқы есімдер

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығы

Шәкен Айманов — қазақтың әйгілі актёрі, тұңғыш кинорежиссер. Ол 1914 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Орта мектепті бітірген соң Семейдегі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 24 беті

педагогикалық техникумға түседі. 1932 жылы Шәкен Аймановты Алматыдағы қазақ драма театрына шақырады. Ол алғашында бірқатар рөлдерде ойнайды. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер сомдап, көпшіліктің ықыласына бөленеді. Әсіресе Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло сияқты рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды. Шәкен Кенжетайұлы актёрлік өнерімен қатар режиссерлік шығармашылық пен де айналысып, спектакльдер қойды. 1947-1951 жылдар аралығында қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері», «Жамбыл» көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. Шәкен Айманов қойған «Махаббат туралы абыз», «Алдаркөсе», «Атамекен», «Найзатас баурайында», «Біздің сүйікті дәрігер» «Тақиялы періште» фильмдері көрермендердің талғамынан шықты. Бұл фильмдер ұлттық кино өнерінде комедия жанрының негізін қалады. 1970 жылы Шәкен Айманов «Атаманның ақыры» атты соңғы фильмін түсірді. «Атаманның ақыры» фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды. Шәкен Айманов қазақ киностудиясын, кино үйін салуды армандады. Бұл арманын Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қолдауымен жүзеге асырды. Қазіргі киностудиядағы киногерлердің айтуынша, Шәкен Кенжетайұлы киностудия төңірегіндегі шыршаларды да өз қолымен отырғызған. Шәкен — кейіпкердің жан-дүниесін шебер ашатын актёр. Қазақтың болмысын, салт дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін кино арқылы барша әлемге паш етті. Шәкен Аймановтың туған күнін барша халық «қазақ киносының туған күні» деп қабылдайды. Себебі Шәкен — қазақ киносының атасы. Шәкен Айманов — қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасуына, шындалуына жол ашқан дарынды суреткер, шебер актер, ойшыл режиссер.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық ықтамалығынан)

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

7. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: топтық жұмысы

1. Баспасөз беттері мен ғаламтор желісінен Ш.Аймановтың өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты көпшілік біле бермейтін деректер жинаңдар.

2. Ш. Айманов туралы постер/мини-презентация жасау

№ 11 сабақ

5.1.Тақырып: Қазақстанның мәдени өмірі.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Адамзат тағдырының жыршысы туралы мәселелерге тоқталып, өлеңдерінің құрылысына талдау жасау және оның туындыларының ерекшеліктерін түсіндіру, оқушыларды көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуға дағдыландыру.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 25 беті

5.3. Оқу міндеттер: туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, өнерге айналған өмірді танып білу, өзіндік тұжырым-пікір жасау дағдыларына үйрету, әншілік өнердің қасиетімен танысу, әндерін сазымен айта білу, айтыса білуге дамыту

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Адамзат тағдырының жыршысы туралы мәлімет

2. Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Қазақстанның мәдени өмірі

Қазақстанның мәдени өмірі алуан түрлі. 1926 жылы М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры алғаш қойылым көрсетті. Театрды алғаш ұйымдастырушылар: Ж. Шанин, драматург-жазушы М. Әуезов, әртістер — Ә. Қашаубаев, С. Қожамқұлов, Ш. Айманов және т.б. қазақтың өнер қайраткерлері. Театрда алғаш қойылған спектакль — Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасы. Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, А. Әшімов, Т. Жаманқұлов, Б. Римова және т. б. әртістер шеберлігімен елге танылды. Олардың образды сомдауы, ойнау шеберлігі театрды биік белестерге көтерді. Елімізде А. Токпанов, Ә. Мәмбетов, Ж. Хаджиевтердің режиссерлік мектебі қалыптасты. 1990 жылдары М. Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері», Б. Атабаевтың «Абылай хан» тарихи шығармалары қойылды. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры 1933 жылы ашылды. Содан бері оның сахнасында қазақтың өнер қайраткерлері көрермендерге қуаныш сыйлап келеді. Бүгінгі таңда опера әншілері — Н. Үсенбаева, С. Байсұлтанов, Ж. Баспақова, М. Мұхамедқызы, С. Ишановалар өнер көрсетуде. 2001 жылы қазақтың елордасында Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры ашылды. Қазақтың музыка өнері де жақсы дамуда. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония Алматы қаласында орналасқан. Оның құрамында «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, симфониялық оркестр, хор копелласы, камералық оркестр, үрмелі аспаптар оркестрі жұмыс істейді. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы ашылды. Театрдың техникалық жабдықталуы әлемдік стандарттарға сай келеді. 2013 жылы 21 маусымда театрда алғаш рет қазақ музыкасының жауһары — М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы қойылды. Сол жылдың күзінде Дж. Вердидің «Аттила» операсы қойылды. Бүгінгі таңда «Астана Опера» репертуарында А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары және т. б. әлемдік опера және балет классикасының туындылары бар.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: семинар. Семинар – «semen» - латын тілінде «ұрық» деген мағына береді. Семинар сабағында әр студент өз бетінше жеке пікірлерін дәлелдеп, ортақ шешімге келеді. Жоғарыдағы сұрақтар негізінде мәлімдеме әзірлейді.

Тапсырма 1. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркесерін құрастыр.

Қойылым	жаңа қойылым көрді,...
Ұйымдастырушы	ұйымдастырушы оқушылар,...
Өнер қайраткерлері	қазақтың өнер қайраткерлері,...

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 26 беті

Таңылды	мектепке таңылды,...
Сомдау	образды сомдау,...
Шеберлігі	шеберлігін айтты,...
Биік белес	биік белестерден көрінді,...
Қалыптасты	мінезі қалыптасты,....
Тарихи шығарма	тарихи шығарма жазылды,...
Үрмелі аспаптар	үрмелі аспапта ойнайды,...

Тапсырма 2. Сөйлемдердегі бос орындарды төмендегі сөздермен толықтыр.

1. М. О. Әуезов қазақ мемлекеттік академиялық драма театры 1926 жылы алғаш рет - ... көрсетті. 2. Театрды алғаш ... драматург жазушылар, әйгілі әртістер, режиссерлер болды. 3. Олардың ішінде – Ж. Шанин, М. Әуезов, Ә. Қашаубаев, С. Қожақұлов, Ш. Аймановтар бар. 4. Олар қазақ мәдениеті мен өнерінің ... болды. 5. Олар өнердің .. шықты. 6. Театр әртістері образды шебер....

Қажетті сөздер: биік белестеріне, өнер қайраткерлері, сомдады, ұйымдастырушылар, қойылым шеберлері.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау: 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

7. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

8. Бақылау: сұрақ-жауап, талдау жұмысы.

а) Қазақстандағы өзін білетін мәдениет қайраткері туралы шағын мәтін жазу.

ә) Өз қаласыңдағы/ауылыңдағы мәдениет ошағы туралы ақпараттық пост (инстаграм/блог стилінде).

№ 12 сабақ

5.1. Тақырып: Театр фестивальдары

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Театр өнері мен театр фестивальдарының маңызын түсіндіру, Қазақстанда және әлемде өтетін театр фестивальдарымен таныстыру, сөйлеу, тыңдау, жазу және шығармашылық дағдыларды дамыту, мәдениетке қызығушылықты ояту.

5.3. Оқу мақсаттары: Театр фестивальдары туралы ақпарат біледі, Қазақстандағы белгілі театр фестивальдерін атай алады. Театр өнерінің қоғамдағы рөлі туралы пікір айтады; топпен жұмыс жасап, жобалық тапсырма орындай алады.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Театр фестивалі туралы ақпарат

2. Қазақстандағы ірі фестивальдер (мысалы: "SAMGAU", "Жас сахна", "Astana Opera Fest")

3. Әлемдік театр фестивальдері (мысалы: Эдинбург, Авиньон, Golden Mask)

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Театр фестивальдары – фестивальдардың ішіндегі ең көнесі. Оны драмалық шығармалар мен театр өнерінің мерекесі деуге болады. Классикалық грек театры деген кезде, Диониске арналған діни фестивальдар еске түседі. Ортағасырдағы мифтік

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 27 беті

шығармаларға негізделген көріністер христиан діни мерекелерінде қойылатын. Соңғы жылдары театр фестивальдары Уильям Шекспир немесе Бернард Шоу сияқты даңқты драматургтердің еңбектерін кеңінен насихаттау мақсатында өтетін болды. Фриндж театр қозғалысы сияқты фестивальдарда жас драматургтер мен өнер жолын енді бастаған актерлердің еңбегін ынталандыру көзделді. АҚШ штаты Солтүстік Каролинадағы Триангл театр фестивалін (ТТФ) ұйымдастырушы коммерциялық емес ұйымдар халыққа театр өнерін түсіндіру мен оның қасиетін, құдіретін ұғындыруды мақсат етеді. Сол үшін жыл сайын Триангл театр фестивалін ауқымды етіп өткізеді. Уильямстаун театр фестивалі жазда өтеді. Онда өнер биігінен көрініп жүрген әйгілі актерлер жиналып, көрермендермен тәжірибе бөліседі.

Тапсырма1.

1-топ: Қазақстандағы театр фестивальдерінің бірін зерттеп, қысқаша таныстыру

2-топ: Театр фестиваліне барсаң, қандай қойылым көрсеткің келеді? (ойдан шығару)

3-топ: «Мен – фестиваль ұйымдастырушысымын» (өзің ойлап тапқан театр фестивалінің атауы, мақсаты, орны, тақырыбы)

Әр топ 2–3 минутта өз жұмысын қорғайды (постер, ауызша немесе мини-презентация).

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс

– білім алушылардың топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүсті шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

«Қазақстанда қандай мейрамдар тойланатынын талқылаңыздар

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ жауап

Тапсырма: Таңдаған бір театр фестивалі туралы шағын эссе жазу.

№13 сабақ

5.1.Тақырып: Дулат Исабеков.Әпке шығармасы.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2.Мақсаты: оқушыларға ақынның адамгершілік ізгілік мәселесін көтерген, достық, махаббат еркіндігін аңсаған лирикаларын талдау, лирикалық қаһарман бейнесін ашу; әңгімесін талдау, барысында сұлулыққа, әсемділікке лайық бейнелі сөз кестелерін табу оқушыны шығармашылыққа ізденіске баулу.

5.3. Оқу міндеттері: драмалық шығарма туралы мәлімет бере отырып, аталған туындыда көтерілген әлеуметтік мәселені ұғыну, кейіпкер бейнесін ашу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Дулат Исабековтың өмірі мен шығармашылығы.

2. Әпке шығармасынан үзіндінің талдау

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 28 беті

Дулат Исабековтың өмірі мен шығармашылығы

Дулат Исабеков (20 желтоқсан 1942 жыл, Оңтүстік Қазақстан облысы – 21 ақпан 2025 жыл, Алматы) — кеңестік және қазақстандық жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері (1992), Қазақстанның Еңбек Ері. Алғашқы әңгімесі «Жолда», «Замандастар» атты жинақта 1963 жылы жарияланды. «Бекет» (1966), «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер» (1970), «Қара шаңырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» (1980) романы басылды. Тандаулы повестері «Екі жиырма» (1983) деген атпен жарық көрді. Бір-қатар шығармалары орыс тіліне аударылып, «Полынь» (1978), «Отчий дом» (1979), «Смятение» (1986), «Новоселье в старом доме» (1986) деген атпен басылды. Жекелеген туындылары мажар, неміс, поляк, чех тілдерінде жарияланды. Исабектің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Өпке» (1977), «Ертеңгі күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), т.б. пьесалары республика, облысы театр сахналарында қойылды. Тандаулы пьесалары «Жеті желкен» 1987 жылы жарық көрді. Жекелеген туындылары бойынша «Гауһар тас» (режиссер Ш.Бейсембаев, 1975), «Дермене» (режиссер Асанәлі Әшімов, 1986) көркем фильмдері түсірілді. «Мұрагерлер» пьесасы үшін оған Қазақстан Жазушылар одағында Мұхтар Әуезов атындағы сыйлығы берілген.

«Өпке» шығармасынан үзінді

Қатынасушылар: Қамажай, Темірбек — Қамажайдың бауыры, Кәмила — Темірбектің сүйген қызы, Сұлтан — Темірбектің досы, Светлана — Кәмиланың құрбысы.

Үйге Темірбек, гитара көтерген бір жігіт пен екі қыз келеді. Бәрі көңілді.

Темірбек: Мамуля, бүгін — менің досым — Сұлтанның туған күні.

Қамажай: Темірбек-ау, мынауың ... Ерте неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Тым болмаса, телефонмен айта салсаң етті!

Темірбек: Ничего, ничего, мамуля. Ал, Сұлтан, бұл кісі — менің әпкем, өзім «мамуля» деймін. Ал мына екі қыз — Кәмила және Светлана. Мы все уже знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

Темірбектің әпкесі Қамажай стол жасайды. Бәрі столға отырады. Қамажай: Ал туған күнің құтты болсын! Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал өздерің отырындар. Мен барып котлет... імм... тамақ дайындайын. Шығып кетеді. Қамажай тамақ әкеп, столға ояды. Кәмила сөйлеп отыр.

Кәмила: Біздің өз пікіріміз болуы керек. Өз пікірі, өз ойы болмаса, адам алдына ешқашан мақсат қоя алмайды. Демек, ол өз бақыты үшін күресуді білмейді.

Сұлтан: Ал сен өзін білесің бе?

Кәмила: Иә, мен өз бақытым үшін күресе аламын.

Сұлтан: Ал сен өзін «бақыт» дегеннің не екенін білесің бе?

Кәмила: «Бақыт» деген ... — ылғи қуаныш, ылғи сәттілік емес. «Бақыт» деген — азап.

Темірбек: Аз-зап? ... (Күледі).

Кәмила: Иә. Бірақ ол үлкен мақсатқа барар жолдағы азап. Циолковский, Достоевский, Королев... Қалай ойлайсындар, «солардың бәрі рақ ат өмір сүрді», — дейсіндер ме?

Олардың бүкіл өмірі азаппен өтті. Адамзат үшін, ғылым үшін азап шекті, күресті. Міне, «бақыт» деген — сол. Сол күрес пен жеңістің жемісі — мына біз. Біз қалауымызша өмір сүруге тиіспіз.

Светлана: Менің атам, 18-жылы Ақтөбеде ақтармен шайғаста қаза тауыпты. Әкем Отан соғысында Сталинград түбінде қаза тауыпты. Балалардың бақыты үшін қаза тауыпты. Енді ... енді біз неге бақытты өмір сүрмейміз? Екі ұрпақ қаза тапқанда келмейтін ол — не деген бақыт?!

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 29 беті

Тапсырма 1. Дулат Исабековтың қандай шығармасы туралы айтылады?

2. Драманың негізгі кейіпкері кім?

3. Камажай неге жалғыз қалады?

4. Өз және өмірін ойламай, бауырларын өсірген адамның жалғыз қалғаны әділдік пе?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау:

1. «Өпке» шығармасы бойынша эссе жазу

2. «Өпкеге деген алғыс» тілегін айту.

№ 14 сабақ

5.1. Тақырып: Қазақ киносының қазіргі келбеті.

Сағат саны: 3 сағат **135 мин.**

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға қазіргі қазақ киносының дамуы мен өзекті мәселелері туралы мағлұмат беру, танымал режиссерлер мен актерлердің шығармашылығымен таныстыру, білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту. Киноны көркемдік тұрғыдан талдай білу дағдыларын жетілдіру.

5.3. Оқу мақсаттары: Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын фильмдерді таныту, Отансүйгіштікке, мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ киносының тарихымен таныстыру

Қазақ киносының негізін қалаушылар туралы мәлімет беру

Шәкен Аймановтың шығармашылығы мен еңбектерін таныту

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Қазақ киносының қазіргі келбеті

Қазақ киносының қазіргі келбеті – дәстүр мен заманауи бағыттардың тоғысқан, қарқынды дамып келе жатқан мәдени саланың бір көрінісі. Қазіргі қазақ киносы ұлттық болмыс пен жаһандық трендтердің арасында тепе-тендік орнатып, өз көрерменін ғана емес, шетел аудиториясын да қызықтырып жүр. Қазақ киносы бұрын тек тарихи және ауыл өміріне байланысты тақырыптарда болса, қазіргі таңда:

әлеуметтік мәселелер (коррупция, миграция, отбасылық құндылықтар), жастар мен урбанизация, комедия, романтика, триллер,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 30 беті
Әдістемелік өңдеу		

фантастика мен анимация жанрлары қарқынды дамуда.

Жаңа буын режиссерлер мен актерлер: Бүгінде қазақ киноөндірісінде жаңаша ойлайтын, креативті режиссерлер мен актерлер өсіп шықты: Ақан Сатаев ("Жаужүрек мың бала", "Томирис"). Адильхан Ержанов ("Жанна", "Қаратас ауылы"). Фархат Шәріпов ("18 килогерц", "Тренинг личностного роста")

Қазақ фильмдері беделді халықаралық кинофестивальдерде көрсетіліп, жүлделерге ие болуда: «Қазақ хандығы», «Томирис» — тарихи мұраны паш етсе, «18 килогерц», «Жанна» — терең психологиялық драма ретінде жоғары бағаланды.

Канн, Берлин, Венеция фестивальдерінде отандық фильмдер назарға ілігіп жүр. Анимация және балалар киносы, соңғы жылдары қазақ анимациясы жанданып келеді:

"Мұзбалақ", "Ер Төстік", "Күлтегін" сияқты анимациялық фильмдер шықты.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған мазмұн көбейіп жатыр. Киноны қолдау мен индустрияның дамуы, "Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы" құрылды.

Мемлекеттік гранттар мен жеке инвестициялар көбейіп келеді.

Кинотеатрлар мен онлайн платформалар арқылы тарату жолдары жақсарды.

Қазіргі қазақ киносы — бұл тек мәдени мұра емес, сонымен қатар: елдің қазіргі тынысын көрсететін айнасы, жаңа идеялар мен технологиялардың көрінісі, халықаралық деңгейде қазақ рухын танытатын құралы. Қазақ киносы — ұлттық болмысты сақтап, әлемдік өнер кеңістігіне жол тартқан бірегей бағыт.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : пікір -талас

Пікір-

талас — оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындай дәлелдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: ауызша сұрақ жауап;

№ 15 сабақ

5.1. Тақырып: Ұлттық экология бастаулары.

Сағат саны: 3 сағат **135мин.**

5.2. Мақсаты: ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу;

5.3. Оқу мақсаттары: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, екшеліктерін талдау.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 31 беті

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ халқының экологияға қатысты наным-сенімі мен өмір сүру салты.
2. Табиғатқа табыну емес, табиғатпен үйлесімді өмір сүру.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Ұлттық

экология

бастаулары

III-XI ғасырлар шамасында Қазақстан мен Орталық Азияны мекен еткен түркі тайпаларының экологиялық әлемі өте нәзік болды. Олар барынша табиғат жағдайына бейім еді. Одан беріде, 5-6 ғасырға жуық бұрын Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде Қазақ халқының табиғатты бақылау қабілеттері мен оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап айтады. Қазіргі кезде, экологиялық мәселелер бүкіл адамзат баласын ойландырып отырған кезде, қазақтың да бұл бақытта қалдырған тағылымдық та, тәрбиелік те мәні зор асыл мұраларына ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр. Қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі, оны көздің қарашығындай сақтауы жайында асыл мұралар даналық сөз түрінде, мақал-мәтел, нағыл сөз, аңыз әңгіме, ырымдар мен тыйым сөздер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Қазақ халқы — сакральды дүниетанымға ие халық. Ертеден-ақ Қазақтар табиғаттың өзгеше құбылыстары мен туындыларын киелі, қасиетті санаған. Оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын қатаң тәртіп түрінде бекіткен. Сонымен бірге табиғат пен адамды бір-бірінен бөлуге болмайтын бүтін экожүйе ретінде қараған. Сондықтан қазақтарда «жабайы табиғат» деген түсінік жоқ, керісінше, «Табиғат ана» ұғымы ертеден қалыптасқан. «Адам табиғаттан керегін ғана алып, қалғанына зиянын тигізбеуі тиіс» деп есептеген. Халық табиғаттағы қастерлі құбылыстар мен мекендерді «Әулие бұлақ», «Әулие ағаш» деп атап, оларды көздің қарашығындай қорғап отырған. Ал қарлығаш, аққу, ұлар, үкі және т.б. құстарды «жақсылықтың жаршысы», «бақыттың белгісі», «сұлулықтың символы» санап, ұясын бұздырмаған, балапанын өлтіртпеген. «Аңдарды төлдеу алдында, төлдеген кезінде атуға болмайды, киесі ұрады» деп есептеп, оларға да мылтық кеземеген. Халық даналығында қазақ халқының табиғатқа жанашырлық қасиетін танытатын аңыз әңгімелер жүздеген жыл бойы айтылып келеді. Әлі күнге дейін «табиғат» деген сөз «Жер ана», «туған жер», «атамекен» түрінде айтылып келуі — соның белгісі. Осыған орай нақыл, даналық сөз де көп. Заманауи ғылым бүтінде табиғат құбылыстары, заңдылықтары, байлықтарының бір-бірімен тығыз байланысты екенін толық дәлелдеп отыр. Ал қазақ дүниетанымында бұл тұтастық көне дәуірлерден бері қарай айнымас тәртіпке айналған. Сол себепті экологиялық мәдениеттің тамыры көне дәстүрлерде.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақтардың ата-бабалары көшпелі өркениет өкілдері ретінде ұрпақтарына қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениетін, табиғатқа, ғарышқа, жалпы ғаламға, оның заңдарына деген сый-құрметті, «Табиғат пен адам біртұтас» деген танымды мұра етіп қалдырды. Сондықтан бұл ұғымдар түркілердің, олардың ұрпақтары — қазақтардың материалдық және рухани, соның ішінде экологиялық мәдениетінің де алтын өзегі, асыл бастаулары.

(Ә. Қайратқызы)

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 32 беті

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау. Ауызша сұрақтар.

1. «Мен білдім...», «Мен ойландым...», «Табиғатқа деген көзқарасым...» — оқушылар шағын жазбаша пікір қалдырады.
2. «Табиғатты анамдай көрем...» немесе Жоба / презентация: «Қазақ халқының табиғатты қорғауға қатысты салт-дәстүрлері»

№ 16 сабақ

5.1. Тақырып: Қадыр Мырза Әлі –философ ақын. «Аралым... » өлеңі

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Ақын Қадыр Мырза Әлідің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, «Аралым...» өлеңінің мазмұны мен идеясын ашу,өлеңдегі философиялық-экологиялық ойды талдау.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін , сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем -әдеби тілде жеткізе білуге дағдыландыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

- 1.Қадыр Мырза Әлі –философ өмірі мен шығармашылығы
2. «Аралым... » өлеңі

Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. «Аралым...».

Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра деп жырлаған белгілі ақын, аудармашы, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әлі 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Бала кезінде жетім қалған Қадыр кедейліктің тауқыметін көріп өсті. Балалық шағынан бастап кітаптарға қызығушылық танытып, Жымпиты аудандық кітапханасының тұрақты оқырманы болды. Тіпті, кітапханадағы барлық кітаптарды қайта оқып шығып, көркем әдеби шығармалардың жаңа басылымдарын асыға күтетін.

Қадыр Мырзалиевтің өз өмірінде көрген алғашқы кітабы «Қырық батыр» деп аталады. Бұл қарапайым халық оқитын ауылдағы ең сүйікті кітап болды. Онда қазақ халқының аңыздары мен қиссалары, эпостар мен ертегілер жазылған. Қадыр алғаш рет өлең жазуды алтыншы сыныпта оқығанында, 11 жасында бастады. Бірде ол ауылдарына концерт қоюға келген актөбелік әуесқой әртістер тобы орындаған «16 қыз» атты көңілді және әзіл әнді естіді. Ол әннің әрбір өлең жолында әр түрлі қыздар туралы айтылды. Он алты шумақта әр қыздың мінезі суреттелген. Сонда Қадыр сол секілді, бірақ сыныбындағы он алты ер бала туралы өлең жазуды ойлады. Сөйтіп, бес-алты шумақ өлең жазып, ары қарай қолы жүрмеді. Ертесі шығарған өлеңін мектепке әкеліп, сыныптастарын күлкіге қарық қылады. Қадырдың өлеңі сынып жетекшісіне де ұнады. Осылайша, бұл өлең болашақ ақынның алғашқы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 33 беті
Әдістемелік өңдеу		

жағымды сыншысы болды. Бірақ, осы әзіл өлеңнен кейін шығармашылық дағдарыс орын алып, Қадыр үш жыл бойы ештеңе жазбады.

Әкесі қайтыс болғаннан кейін бала Қадыр интернатқа жіберіледі. Онда ол достар туралы, олардың кемшіліктері туралы жаза бастайды. 1954 жылы жас акын өлеңдерін республикалық «Пионер» журналында жариялап, біртіндеп таныла бастады.

Сөйтіп өлең жазуды әдетке айналдырып, үлкен жинақ жинады. Бірақ, ол өлеңдерін болашақ ақынның жақын досы өртеп жібереді. Бұл оқиға Қадырдың шығармашылық жолындағы алғашқы кедергі болды. Дегенмен, Қадыр досының ол әрекетіне ренжіген жоқ. Ақын керісінше, жаман өлеңдерден құтылуыма көмектесті, бұл менің қолымнан келмес еді деп досына алғысын білдірді.

1958 жылы Қадыр Мырзалиев Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, екі жылдан кейін аспирантураны бітіріп шығады. Оқудан кейін көп жылын журналистикаға арнады. Еңбек жолын, яғни 1958-1962 жылдары «Балдырған» балалар журналының әдеби қызметкері болып жұмыс істеуден бастайды. 1962-1965 жылдары – поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы болды.

1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасының поэзия редакциялық алқасының жетекшісі болып қызмет етті. 1973-1978 жылдары – Қазақстан Жазушылар Одағының поэзия бөлімінің меңгерушісі, 1992 жылы ҚР жоғарғы кеңесінің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту комитеті төрағасының орынбасары болды. 1994 жылы оны Қазақстан Республикасының халық депутаты ретінде таңдап алады.

Қадыр Мырза Әлі 50-ден астам поэзиялық жинақтардың, әдеби-сыни және балалар кітаптарының авторы. Қадыр Мырзалиевтің шығармашылық жолы «Екпенді құрылыс» өңірлік газетінде жарық көрген «Көктем» атты өлеңнен басталды. Бірақ өлеңнің төменгі жағында жазылған жас ақынның тегі дұрыс терілмей, достары ол өлеңнің Қадырдың жұмысы екеніне сенбеді. Сондықтан ақын үнемі ол жайлы сөз қозғамай және өзінің алғашқы өлеңінің 1954 жылы республикалық «Пионер» журналында жарияланғанын айтты. 1955 жылы Қазақстан жазушыларының 3-ші съезінде сөз сөйлеген журналдың редакторы Мұзафар Әлімбаев жас ақынның шығармашылығы туралы жағымды пікірлер айтып, Мырзалиевті мадақтады. Осылайша, ақын биіктен көріне бастады.

1959 жылы ақын «Көктем» атты алғашқы өлеңдер жинағын жариялады. Қадыр Мырза Әлі шығармаларын қазақ тілінде жазды. Оның кейбір өлеңдері орыс, неміс, эстон, қырғыз, татар және басқа тілдерге аударылған. Орыс тілінде 13 өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақынның мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға, орта және жоғары сынып оқушыларына арналған өлеңдерден тұратын кітаптары бар.

Қадыр Мырза Әлінің өлеңдері қазақ ақындарының «Қазақ Совет поэзиясының антологиясы», «Республикалардың комсомолы 1969-1970 жылдардағы комсомол сыйлығының лауреаттарын ұсынады», «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы» секілді ұжымдық жинақтарына енгізілді.

Ақынның орыс тіліне аударылған «Инабат виноват» атты алғашқы балалар кітабы 1962 жылы Алматыда қазақ мемлекеттік көркем әдебиет басылымында жарық көрді. 1966 жылы ақын «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығымен марапатталды. 1967 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасында Сергей Киселевтің аудармасымен Қадыр Мырза Әлінің «Бессоница» өлеңдер жинағы шықты.

«Арал» өлеңі

Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк айдыным, көк айдыным.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 34 беті

Биікте жүрген,
Бұлттарды сүзген,
Бұрынғы жоқ айбының, жоқ айбының.
Акку арман,
Күтемін алдан
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулап,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!
Қарайған жерге,
Қуанған шөлге
Телміріп күн қарайды, күн қарайды.
Көк дауыл жеккен,
Кемелер шөккен
Жағада құм борайды, құм борайды.
Акку арман,
Күтемін алдан
Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулап,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам ән,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптасып жұмыс жасау – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: бағыт беру. «Табиғаттың тозуы – адамның өзінен басталады» немесе *Қадыр Мырза Әлідің басқа өлеңін оқып, қысқаша пікір жазу*

№ 17 сабак

5.1. Тақырып: Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер.

Сағат саны: 3 сағат 135мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға экологиялық мәдениет ұғымын түсіндіру, қазақ халқының тыйым сөздері арқылы табиғатты қорғау дәстүрлерін таныту. Сыни ойлау, өз ойын дәлелді

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 35 беті

жеткізу дағдыларын қалыптастыру, мәтінмен жұмыс істеу, қорытынды шығара білу қабілетін дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, екшеліктерін талдау. Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Экологиялық мәдениет

2. Тыйым сөздер.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Жаңа сабақ:

Экологиялық мәдениет— жалпы дүние-жүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі; адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын баршаның тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталады. Қоршаған ортаға немқұрайдылықпен қараудың күйінішті тәжірибесі, химиялық ластанудан, шудан, дірілдерден, электромагниттік сәулеленуден, радиациядан және т.б. болған ауруларды зерделеу экологиялық мәдениет және санитариялық мәдениет ұғымдарын біріктіре ұғыну қажет екенін түсінуге себеп болды. Жалпы мәдениеттің бұл маңызды құрамдас бөлімдері өзара тығыз байланысты, сондықтан адамның атмосфера ауасына, табиғи суларға, жердің топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарларға қатысты шаруашылық және тұрмыстық қарекетінің санитариялық- экологиялық тұрғыдан мақсатқа сай болуын талап етеді

Тыйым сөздер

Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі - тыйым сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тізені құшақтау - жалғыз қалудың, қолды төбеге қою - ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу - әдепсіздіктің, асты төгу - ысыраптың белгісі деп танылған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салынған.

Мұндай тыйым сөздер ел ішінде өте көп. Оның бәрін қамти алмағанмен кейбір үлгілерін қағазға түсіріп ұсынып отырмыз.

Дастарханды, тамақты баспа.

Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.

Малды, ыдысты, тамақты теппе.

Тапсырма 1. Сұрақтар бойынша жауап беріңіздер:

Экология дегеніміз не?

Экологиялық мәдениет дегенде не түсінесің?

Қазақ халқы табиғатты қалай қорғаған?

"Экология" сөзіне ассоциация жасау (тақтаға жазу).

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 36 беті

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15мин.

5.6. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау. Ауызша сұрақтар.

1. Эссе: «Табиғат – ата-бабадан қалған аманат»
2. Постер: «Экологиялық мәдениет дегеніміз не?»
3. Зерттеу жұмысы: Өз отбасында қандай тыйым сөздер қолданылады?

№ 18 сабақ

5.1.Тақырып: Қазіргі экологияның өзекті мәселелері. №2 Аралық бақылау жұмысы.

Сағат саны: 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға қазіргі таңдағы экологиялық мәселелер жайлы білім беру, Қазақстан мен әлемдегі өзекті экологиялық проблемаларды талқылау.Сыни ойлау, пікір айту және шешім қабылдау қабілеттерін дамыту,ақпаратпен жұмыс істеу және оны талдау дағдыларын қалыптастыру.

5.3. Оқу мақсаттары: Экологиялық сана мен жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатты сүйуге және қорғауға баулу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік мәселесі туралы мәлімет

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин.

Экологиялық проблема — адамның табиғатқа және керісінше табиғаттың адамға тигізетін қолайсыз әсерлеріне байланысты туындайтын кез келген құбылыс.

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналады, тіпті ядролық соғыс қауіпі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс - әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаға үдемелі, көбіне білдірушілік сипатта әсер етуде. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай – ақ, топырақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдырды. Экологиялық дағдарыс шын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр; іс жүзінде тез өндіріс алып бара жатқан дағдарыстық жағдайларды кез келген аймақтардан көруге болады. Адамды құтқару дегеніміз – ең алдымен табиғатты сақтау. Табиғи процестердің негізінде жатқан заңдылықтарды ескермеу табиғат пен адам арасындағы елеулі қайшылықтарға әкеліп соқтырғанын айта кеткен жөн. Американ экологы Риклерс: Табиғатқа келтірілген нұқанды түзетудің ешқандай көпе – көрнеу жатқан әдістері жоқ екені айдан анық, сонымен қатар қоршаған ортаға деген келеңсіз көзқарасы үшін адамға танылатын кінә да, өзендерге шайынды суларды төгу, егістіктерге пестицидтер бүрку, аңшылардың найзасы мен мылтығы автомашиналардан шыатын түтін қала іргесінің шексі кеңеюісияқты белгілі фактілерден құралмауы тиіс. Адамға табиғат экономикасы - ауыл, елді пунктер, село, қала тұрғындарымен жер жүзінің халықтарының қарым – қатынастарын, сандық және сапалық құрылымын зерттеу және реттеу, көпшілікке үздіксіз экология саласынан білім мен тәрбие беру жұмыстарын зерттейді. Адам әрекеті тек жер бетіндегі суды ғана емес ауаны да ластап келеді. Күн сайын өнеркәсіп орындары ауаға орасан зор улы газ және оларға қоса өте майда бөлшектерден тұратын қоспаларды шығарып жатады. Олар

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 37 беті
Әдістемелік өңдеу		

ауамен бірге адам мен жер бетіне. Кейде оларды жел алғашқы шыққан орнына мыңдаған километр жерге айдап апарды. Міне, сондықтан да газ немесе қатты зат түрінде бөлініп шығатын заттардың ауаны қорғау адам денсаулығы үшін де, тіршілік үшін де үлкен мән алады. Осы уақытта ауаға улы қосындыларды жібермеу адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселе. Ауаны әр түрлі жолмен былғануы атмосферада бірте – бірте түпкілікті мутагенді өзгерістер тудыратын анықталып отыр. Мысалы, қалалардың үстін, 2000 – 2500 м биіктік көлемінде газдар мен ұсақ бөлшектерден тұратын қарақошқыл түтін басып тұрады. Осындай көрініс біздің қалаға тән құбылыс.

Осындай құбылыстардың қала ішіне күн сәулесінің ультра күлгін сәулесі жетпейді. Сондықтан қала ішінде неше түрлі жұқпалы ауру тарайтын микробтар көбейіп кетеді. Олар неше түрлі көз, тері, өкпе дерттерін адамдарға дарытады. Адамдар көп мөлшерде ауруға шалдығады. Атмосфераның түтін және газ қосындыларымен ластануы адам денсаулығына зиянды құбылыстар туғызады. Бұл құбылыс әсіресе метеорологиялық жағдайдың әсерінен ауа сирек алмасатын қалаларда жиі кездеседі оны смог деп атайды.

Ағылшын сөзі – тұман деген мағына береді. Фотохимиялық тұман өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесіне, сондай – ақ адамзат баласына өте үлкен зиян келтіруде. Осы жағдайларға сәйкес шет елдің мемлекеттерінде және біздің республикамызда атмосфералық ауаны қорғау мақсатында автомобильдердің қозғаушы күшін жетілдіру, нейтрализаторлар орнату, газбен электр қуатымен жүретін электромобильдерді шығару мәселесі туып отыр. Ауаның жер бетіндегі қабатын автомобиль және өнеркәсіп газдары мен түтіннен тұратын қалың тұман басады. Күн сәулесі жиналған газдарды ыдыратып улы қоспалар түзеді. Ол кезде адамдардың көзі ауырады, өкпесін улы газ толтырады, үздіксіз жөтеліп, тынысы тарылады. Бұл орасан үлкен күйзеліске ұшыратады, жүздеген, мыңдаған адамдардың өмірін алып кетеді. Ядролық жарылыстың зәрлі сәукекелері бірде – бір сауатты және саналы адамды тыныш қалдыру емес. Семей атом полигонінде болған оқиға былай сипатталады. Атом бомбасын жару үшін жергілікті халықты көшіріп, сынақ өткенше бір жеті халықты басқа жерде ұстаған. Ал ауылда үлкенді – кішілі 54 адам қалған, олар атом бомбасы жарылған жаққа қарап қара түтіннің ішінен қызылды – жасылды оттарды көріп тамашалаған. Сол адамдардан күні бүгін біреуі де қалмай барлығы өліп қалған. Қазіргі кезеңде адамның экологиялық ортасы - қала. Ол ең ірі және табиғи ортадан өзгеше, көптеген параметрлері бойынша экстремалды деуге болатын орта. Қалада техногенді қуаттың орасан зор концентрациясы жиналады. Қала ортасы адамның басты санасы – оның денсаулығына қолайсыз әсер етеді. Атмосфераның, судың, азық – түлік өнімдерінің, күнделікті қажетті заттардың өнеркәсіп пен транспорттық қалдықтарымен ластануы, электромагниттік өріс, вибрация, шу, тұрмыстық химияландырылуы, гиподинамия, дұрыс тамақтанбау зиянды әрекеттердің кеңінен таралуы.

Осылардың барлығы қосылып адамның денсаулығын нашарлатады. Қала халқының басым бөлігі демалысын қаладан тыс табиға жағдайда өткізуге тырысады. Адамның денсаулығының төмендеп ауыруға шалдығуын ағзаның ортаға толық бейімделе алмауы мен қолайсыз әсерлерге берген теріс жауабы ретінде қарастыру керек. Адамның денсаулығына зиянды әсер ететін факторлардың ішінде ір түрлі ластаушы заттар бірінші орын алады. Көптеген қалалар экологиялық апат аймағы деген мәртебеге ие болған. Соның ішінде Өскемен қаласын алуға болады. Әр түрлі аурулар қаптап, балалар жарымжан болып туу да. Осының бәрі осы экологияның бұзылу себебі. Бүгінгі таңда Өскемен қаласы күннен-күнге құлдығып, өркендеп келеді. Дегенмен, бұл қуаныштың көлеңкесінде қайғылы дерт тұрғанын білеміз бе? Себебі, Өскемен атмосферасы сан жылдар бойы көк түтіннен көз ашпай келеді. Мұның бәрі адам денсаулығына зиян.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 38 беті

Мәтін бойынша сұрақтар:

- 1.Экология дегеніміз не?
- 2.Ауаның ластануына не себеп?
3. Қазақстанда қандай экологиялық апат аймақтары бар?
- 4.Қалдықтармен күресудің жолдарын ата.
- 5.Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін не істеу керек?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: ауызша баяндау, талдау

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 35 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

Тапсырма 1. «Менің экологиялық бастамам» тақырыбында шағын жоба / эссе жазу, газет-журналдан немесе интернеттен бір экологиялық мәселе туралы мақаланы талдау

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- 1.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 2.Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
- 3.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
- 4.Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
- 2.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
- 3.Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабақ) 5-11 сыныптар Upartners, 2016

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау. Сұрақ-жауап

«Табиғат – тіршілік өзегі. Мен қоршаған ортаны қалай қорғаймын?»

немесе «Қазақстандағы экологиялық апат аймағын зерттеу» тақырыбында шағын жоба жасау.

№2 Аралық бақылау жұмысы

- 1.Қазақ киносының атасы. Шәкен Аймановтың өмірі мен шығармашылығы
- 2.Қазақстанның мәдени өмірі
3. Театр фестивальдары
- 4.Дулат Исабеков "Әпке" шығармасы
5. "Қазақ киносының қазіргі келбеті" эссе жазу.
- 6.Ұлттық экология. Ұлттық экология бастаулары
- 7.Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. "Аралым..." өлеңі
8. Экологиялық мәдениет
9. Экологиялық мәдениет және тыйым сөздер
- 10.Экология және кәсіби маман мәдениеті
11. "Қазіргі экологияның өзекті мәселелері"

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 39 беті

II семестр № 1 сабақ

5.1.Тақырып: Мұхиттағы жануарлар әлемі.Мұхиттағы өсімдік әлемі.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мұхиттағы жануарлар мен өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігі туралы білім беру, олардың ерекшеліктері мен тіршілік ету ортасы жайлы түсінік қалыптастыру Сөйлеу, ойлау, салыстыру, суретпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, табиғатқа, тірі организмдерге деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері: Мұхиттағы өсімдіктердің түрлерімен таныстыру, өсімдіктердің экологиялық маңызы мен тіршілік ортасындағы рөлін түсіндіру,білім алушыларды ойлау, талдау, салыстыру қабілеттерін дамыту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Мұхиттағы жануарлар әлемі.

2. Мұхиттағы өсімдік әлемі.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Мұхиттағы жануарлар әлемі

Мұхит — Жердегі ең үлкен тіршілік ортасы. Ол әлемдегі жануарлардың ең алуан түрлі түрлеріне мекен болып табылады. Мұхиттағы жануарлар әртүрлі қабаттарда тіршілік етеді: бетінен бастап ең терең түбіне дейін. Олар тіршілік ету ерекшеліктеріне, дене құрылысына, қоректенуіне және қозғалысына қарай әртүрлі болады. Жер шарында төрт мұхит бар: Тынық, Атлант, Үнді және Солтүстік мұзды. Кейбір ғалымдар Антарктида маңы суларын бесінші Оңтүстік мұхиты деп жеке бөледі. **Балықтар:** – Ең кең таралған жануарлар тобы

– Мысалы: тунца, скумбрия, камбала, акула

– Кейбіреуі жыртқыш (акула), кейбірі өсімдікпен қоректенеді.

Сүтқоректілер: – Суда тіршілік етеді, бірақ ауамен тыныс алады

– Мысалы: дельфин, кит, морж, тюлень

– Балаларын тірі туып, сүтпен асырайды.

Бунақденелілер мен шаян тәрізділер

– Шаян, омар, креветка – теңіз түбінде тіршілік етеді.

– Кейбірі тамақты сүзу арқылы алады.

Жұмсақ денелілер:

– Сегізаяқ, кальмар, улиткалар – су астындағы үңгірлер мен рифтерде өмір сүреді

– Кейбірі өте ақылды, мысалы, сегізаяқ – түрлі түсті өзгерте алады.

Ірі теңіз жәндіктері мен планктон: Планктондар – көзге көрінбейтін ұсақ тіршілік иелері. –

Олар — барлық мұхиттық азық тізбегінің негізі.— Оларды балықтар мен киттер жейді.

Ерекшеліктері :

Кейбір жануарлар тереңде өмір сүреді – онда жарық жоқ, су қысымы жоғары.

Терең судағы тіршілік иелері өздері жарық шығара алады (биолюминесценция).

Мұхит жануарларының кейбірі өте қауіпті, мысалы улы медузалар, акулалар

Қызықты деректер:

Көк кит – жер бетіндегі ең үлкен жануар (ұзындығы 30 метрге дейін)

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	73-11-2025	
Әдістемелік өңдеу	72 беттің 40 беті	

Дельфиндер – өте ақылды жануарлар, дыбыс арқылы сөйлеседі

Сегізаяқ – қауіп төнгенде сия шашып, қорғана алады

Теңіз жұлдызы – денесін өзі қалпына келтіре алады.

Экологиялық маңызы: Мұхит жануарлары экожүйенің тепе-теңдігін сақтайды. Олар арқылы адам тағам, дәрі-дәрмек, май өнімдерін алады. Адам әрекеті (қоқыс, мұнай, пластик) теңіз жануарларына зиян келтіруде.

Мұхиттағы өсімдік әлемі

Мұхит – тек жануарлар ғана емес, өсімдіктерге де бай тіршілік ортасы. Мұхиттағы өсімдіктердің көпшілігі – балдырлар мен теңіз шөптері. Олар мұхиттың беткі қабатында, жағалауға жақын жерлерде және күн сәулесі жететін тереңдікте өседі. Мұхит өсімдіктері Жердегі тіршілік үшін өте маңызды рөл атқарады. Олар оттег бөледі, тағам тізбегінің негізі болады және экожүйенің тепе-теңдігін сақтайды. Балдырлар (алгалар) Балдырлар – мұхиттағы ең көп таралған өсімдіктер. Олар судың түрлі қабаттарында тіршілік етеді.

Жасыл балдырлар – күн сәулесі мол жерлерде өседі

Қоңыр балдырлар – суық теңіздерде көп кездеседі (мысалы: ламинария)

Қызыл балдырлар – терең суда өседі (мысалы: порфира)

Микроскопиялық балдырлар – фитопланктондар, көзге көрінбейді, бірақ судағы оттектің көп бөлігін шығарады

2. Теңіз шөптері (теңіз гүлді өсімдіктері)

Бұл – құрлықтағы өсімдіктерге ұқсайтын шөптесін өсімдіктер. Олар теңіз түбіне тамырымен бекіп өседі.

Мысалы: зостера, поссидония.

Мұхит өсімдіктерінің маңызы: Оттек бөледі — фитопланктондар мен балдырлар Жердегі оттектің шамамен 70%-ын өндіреді

Қорек көзі — көптеген теңіз жануарлары өсімдіктермен қоректенеді. Мекен ету ортасы — суасты ормандары (мысалы, ламинария) балықтарға, ұлуларға, шаяндарға баспана

Климатты реттейді — көмірқышқыл газын сіңіріп, ауа құрамын теңестіреді

Экономикалық пайдасы бар — балдырлардан дәрі-дәрмек, косметика, тағам қоспалары жасалады.

Мұхит өсімдіктеріне зиян келтіретін факторлар:

Мұнай төгілуі

Пластик және тұрмыстық қалдықтар

Судың ластануы

Климат өзгерісі (су температурасының көтерілуі).

Тапсырма 1. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Мұхит дегеніміз не?

2. Жер шарында қанша мұхит бар?

3. Қай мұхит сені ерекше қызықтырады?

4. Мұхит жануарларына мысал келтір

5. Балдырлар не үшін қажет?

6. Фитопланктон деген не?

7. Теңіз шөптері қайда өседі?

8. Неліктен мұхит тіршілігін қорғау қажет?

Тапсырма 2. Жакша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібіне байланысты орналастырып жаз.

Көп (өсімдік) (ерекшелік) өсімдігінен су құрлық. 2 Дәрі (лотос) қолданылады. тұқымдары ретінде. 3. Таралған (шары) өсімдіктер жер кең. 4. Кеңінен өсімдіктердің қолданылатын

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 41 беті

(түрлер) (медицинада) бар.5. Су тұщы лалагүлдері тропикалық сулы өседі су (қойма), қоңыржай және (белбеу).

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ –жауап

1. «Мұхиттағы бір жануар мен бір өсімдік» тақырыбында сурет салып, сипаттап жазу.
2. «Мұхит тіршілігіне қауіп төндіретін жағдайлар» жайлы шағын эссе жазуу

№ 2 сабақ

5.1. Тақырып: Мұхит және экологиялық проблемалар

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мұхиттың Жер үшін маңызын түсіндіру, мұхиттағы экологиялық мәселелерді анықтау және талдау. Білім алушылардың сыни ойлау, пікір айту және талдау қабілетін дамыту, карта, сурет, видео арқылы ақпаратты қабылдау дағдысын жетілдіру. Табиғатты қорғауға баулу, экологиялық сана мен жауапкершілік қалыптастыру.

5.3. Оқу мақсаттары:

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Нашакорлық – қоғамдық дерт.
2. Темекі тарту – зиянды әдеттер туралы түсінік
3. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Бүгінгі таңда Дүниежүзілік мұхит табиғатын зерттеу мен қорғау жұмыстары заманауи құрылғылар орнатылған Жер серіктерінің көмегімен қашықтықтан зондау әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Белгілі мәліметтер бойынша қазір мұхиттың суына жыл сайын 30-дан 50 млн. тоннаға дейін мұнай төгіледі. Оның әр тоннасы 12 км² суды қабықшамен жаба алады. 0,05 мг/л мұнай су құрамында болса, су ішуге жарамсыз, ал концентрациясы 0,5 мг/л болғанда көптеген су ортасымен байланысты ағзалар тіршілігін жояды. Ластанудың әсерінен балықтар мен тағы басқа ағзалардың миграциялық жолдары өзгереді.

Дүниежүзілік мұхит суларын ластаушы заттарды эколог-ғалымдар мынадай 4 топқа жіктейді:

-материктік қайраңдардан мұнай өндіру мен оны тасымалдау кезінде мұхит суына қосылатын мұнай өнімдері;

-өнеркәсіп орталықтары қолданған және ірі қалалардың коммуналдық қажеті үшін пайдаланылып, өз дәрежесінде толық тазартылудан өтпеген су;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 42 беті

-ауыл шаруашылығында пайдаланылып, әр түрлі химиялық (тыңайтқыштар, пестицидтер мен гербицидтер және т.б.) қалдықтармен ластанған су;

-радиоактивтік қалдықтардың көмілуі және мұхит кемелері пайдаланған лас судың толық тазартылауы.

Дүниежүзілік мұхиттағы туристік-рекреациялық маңызы жоғары жаға-жайлардың да жағдайы мәз емес. Тек қана Жерорта теңізі жағалауы бойында 20-ға жуық ел орналасқан, онда 130 млн-нан аса халық тұрады. 260 порты бар, онда бір мезгілде 2,5 мың алысқа жүзетін және 5 мың каботаждың (бір елдің кемелері) кеме тоқтай алады. Оның теңіз жолдары арқылы жылына 400 млн т-дан астам мұнай тасымалданады.

Сонымен қатар оның жағалауында жылына 90 млн-ға дейін адамдар дем алып, жаз кезінде теңіз айдыны арқылы 10 мыңнан аса туристік кемелер жүзіп өтеді.

Олар пайдаланған лас сулар мен әр түрлі қалдықтар толық тазартылудан өтпестен теңіз суларына жіберіледі. Аталған көрсеткіштер нәтижесінде Жерорта теңізі - Дүниежүзілік мұхиттағы ең лас аудандар қатарына жатады.

Тапсырма 1. Сұрақтар арқылы шолу жасау

1. Мұхит неліктен маңызды?
2. Ең кең таралған экологиялық проблема қандай?
3. «Өлі аймақ» деген не?
4. Мұнай төгілуі қандай қауіп төндіреді?
5. Қандай шешу жолдарын ұсынар едің?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: презентация дайындау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Мұхиттың ластануы» тақырыбында шағын эссе жазу.
2. «Мұхитты қорға!» атты плакат жасау.

№ 3 сабақ

5.1.Тақырып: Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы. Жалқы есімдер.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2.Мақсаты: оқушыларға Әбдіжәміл Нұрпейісовтың өмірі шығармашылығы, әдебиеттегі орны жөніндегі алған білімдерін жүйеге келтіру, ғылымиландыру.

5.3. Оқу мақсаттары: қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отан сүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, әдеби сөйлеу тілдерін дамытып, ой-өрістерін кеңейту, ұзақ дастандарды қиналмай оқып түсіну, жеткізе білу, шығармашылыққа жетелеу, мәтінмен жұмыс түрлеріне жаттықтыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 43 беті
Әдістемелік өңдеу		

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5. 4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әбдіжәміл Нұрпейісов өмірі мен шығармашылығы

2.«Қан мен тер» романы.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы

Көрнекті жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы, Арал ауданындағы Үшкөз ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан өмірін болашақ көркем дүниелеріне оқиға өзегі етіп алды. Ә.Нұрпейісов 1956 жылы Москвадағы М.Горький атындағы Әдебиет институтын тәмамдап, шығармашылық жолға түседі. 1962-1964 жылдары “Жұлдыз” журналының редакторы болды. Содан беріде таза жазу жұмысымен айналысып келді де, соңғы уақытта ПЕН-Клубтың қазақ бөлімшесін, “Таң-Шолпан” журналын басқарып жүр.

Тұңғыш романы “Курляндия” 1950 жылы жарияланып, кейіннен “Күткен күн” деген атпен (1958) өңделіп, екшеліп жарық көрді. Ол – “Сең”, “Соңғы парыз” роман-диалогиясының, “Толғау” атты сыни еңбектің, көптеген очерктер мен көркем аудармалардың авторы. Басты туындысы – “Қан мен тер” трилогиясы (1-кітап – “Ымырт”, 1961; 2-кітап – “Сергелдең”, 1964; 3-кітап – “Күйреу”, 1970). Ә.Нұрпейісов – халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері. Тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған қазақ романдарының ішінде жанрлық-композициялық, стильдік тұрғыдан “Қан мен тер” трилогиясының өзгешеліктері мол. Біріншіден, шығармада дәуір тынысын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен бастап, Колчак, Дулатов армияларының талқандалған шағына дейінгі мерзім кең қамтылып суреттеледі. Екіншіден, “Қан мен терде” басқа туындыларда аталып қана өтетін патшашыл ақ әскерінің тіршілік келбеті мейлінше толыққанды бейнеленеді. Үшіншіден, романдағы авторлық мақсат, сюжеттік арналар, көркемдік зерттеу нысаны жаңа. Төртіншіден, Ә.Нұрпейісов сан алуан қасиеттерімен қалыптасып болған әлеуметтік-психологиялық талдау өнерінің қазақ топырағындағы жетілген өресін танытады.

«Қан мен тер» үзіндісі

Райдың үйіне жиналған балықшылар бүгін де теңіз жайын, балық жайын, ауа райын әңгімелеп, әр саққа жүгіртіп жатыр еді. Аттылы біреу кеп есік алдына тоқтады. Дүр етіп аттан түсті. Шылбырын босағаға байлап салды да, сәлем беріп кріп келді.

Шаруанды айт,- деде гой.

Иә, керек

Өзіңе мұз оятынадам керек па?

Ал, керек.

Ендеше, мені ал!

Теңіз үстінен дауылы тіпті әлемет. Толқындар ірілене бастаған. Қаптай соққан кара дауыл. Аралдың айқай желіне ұласты да, теңіз үсті уылдап- шуылдап, үйдей-үйдей толқындар су бетіне ереуілдеп ойнап шығады. Үйдей толқындар енді ес жиғызбады. Бірінен кейін бірі гүрілдеп келіп, онсыз да бір батып, бір шығып малтығып келе жатқан қайықты сүзеген бұқадай қағып өтеді. Қайық төңкеріле жаздап, екі қапталымен су сабалай бастады.

Балықшылар қараңғыда қайдан шыққандарын білмесе де, кара дауыл қуған үй аумағындай мұздың ілгері жағы бір тұйыққа тірелгенін іштері сезгенді. Түнде тоқымдай - тоқымдай мұздың бірінен-біріне секіріп жүргенде, Итжеміс аяғы тайып суға кетті. Қолы, аяғы үсіген Құлтуманың қозғалуға шамасы жоқ, мұздың ығында анадай жерде дір-дір қағып

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 44 беті

қалшылдап жатыр. Бұл екеуінен басқа тағы да үш кісісуға кетті, әлде ыққан мұзбен ұлы теңізге кетті ме, өлі ме, тірі ме, белгісіз.

Тапсырма 1. «Қан мен тер» трилогиясы туралы айтылған пікірлерді оқып шығып, есімдіктерді табыңыз

Қою ғаріппен берілген сөздердің орнына есімдіктерді қойып жазыңыз.

• Өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылық білдірген қаламгер қарапайым тіл мен үлкен шындықты айта білген. ...Нүрпейісов өзіне ғана тән таңқаларлық ол таңбасы бар, заманымыздың ең терең жазушыларының бірі дәрежесіне көтерілген.

(Жан Монтальбетти).

• «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу» атты осынау үш кітапта алып әлем бейнесі сомдалған. ...Нүрпейісовтің романы — дала психологиясының энциклопедиясы. «Қан мен тер» — ұлттық ғарышға тән мінездер галереясы.

(Лев Аннинский).

• Біз, мына батыс оқырмандары, француз тіліне аударылған нағыз қазақ қаламгерлері — Мұхтар Әуезов пен Әбдіжәміл Нүрпейісовті мысалға келтіре аламыз. Әуезов жайлы айтқанбыз, енді Нүрпейісовті атап өткім келеді. Иә, Қазақстан мақтана беруіне болады. ...Азаттық пен әділеттік жолында өз халқының қасіреті мен ұлылығын паш еткен нағыз жауһар — шедеврлер бере білген жазушыларымен мақтана беруіне болады.

(Жорж Буйон).

Тапсырма 2. Мәтінді оқып шығып, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Оқ Еламанның қай жеріне тиді?
2. Еламанға кім көмектесті?
3. Еламан мылтығын кімге берді?
4. Әли кімдерді қуды?

Тапсырма 3. Мәтінді оқып шығып, мәтінді мағыналық бөліктерге бөліңіз. Әр ой бөлікке тақырып қойып, мәтіндегі есімдіктерді табыңыз:

Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті. Ақтар әлі Ақтөбеге кірмеппі. Осы тұрғанда оны қорғайтын қызылдарда «әскер» дейтіндей әскер де қалмағанды. Ал қала маңындағы барлы-жоқты әскер құрамалары өткен ұрыстардан ақтары азайып, басқаны қойғанда, тіпті қолына қару ұстауға жарайтындардың өзі сарт-сұрт солдат өмірінен шаршаған. Осындағы басшылар жау хабарын есіткесін жан таласып жүріп, теміржолшылардан құрған жұмысшы жасағын қаруландыра алмай жатқан көрінеді. Ал бұндағы полк, дивизияларда қару-жарақ жетіспейді. Оқ -дәрі де аз. Бұлардың басындағы қиындықты Еламан жолға шығар алдында Дьяковтың аузынан есіткен-ді. Енді қазір өз көзімен көріп келеді. Қаланы қорғаудан гөрі қаланы қайткенде есебін тауып тезірек тастап, қашуға әзірленіп, абыр-сабыр боп жатыр екен. Еламанда ешкімнің ісі болған жоқ. Сонда да болса, сақтық ойлаған Еламан көзге түспеуге тырысты. Қалаға жақындамай, алыстан айналып, көбіне елсіз далалық пен түнделете жүріп отырып, оңтүстік армияның үнемі ілгері оздырып, алдына салып отыратын шолғыншылар отрядына кездесті. Олардан кейін кездескендер де бұларды жиі-жиі тоқтатып, әрқайсысы бір тексеріп, зықысы кетті. Атаман Дутовтың атты казактары бұлардың жылқысына көз алартып, тартып алуға аз-ақ қалды. Еламан шені жоғары бір офицерге өздерін таныстырып, мына жылқыларды Колчактың әскеріне тарту қып сыйға әкеле жатқанын айтып, қасына жолбасшы біреуді қосып алды. Еламан жол бойы көрген-білгендерін көкірегіне түйіп келеді. Қазақ жеріне кірген жер қайысқан ауыр қолдың негізгі салмағы әлі де кейінде жатқанды.

«Қан мен тер» трилогиясынан

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 45 беті



Тапсырма 4. Сұрақтарға жауап беріңіз. Кітаp.kz сайтып пайдалан («Қан мен тер» романы. III кітап. «Күйреу» 193-300-беттер).

1. Мәтінде қай тарихи оқиға суреттелген?
2. Атаман Дутов, Дьяков — қандай кейіпкерлер?
3. Еламан қандай мақсатпен Ақтөбеге келді?

Тапсырма 5. Жақша ішіндегі сөздерді қажетті тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібін сақтап жазыңыз.

1. (Ақтөбе) Ақтар (кірмеу) әлі.
2. Ал полк, (дивизиялар) бұндағы қару-жарақ (жетіспеу).
3. Енді өз (көзі) көріп қазір (келу).
4. (Еламан) ісі болған жоқ ешкімнің.
5. Атаман (Дутов) тартып атты (бұлар) жылқысына көз (аларту), алуға аз-ақ қазақтары қалды.

Тапсырма 6. Мәтіндегі екі сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақтар қойыңыз. Дайындаған сұрақтарыңа көршіңнен жауап алыңыз.

Үлгі: Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті.

1. Кімдер араға үш қонып, төртінші күні түсте Ақтөбеге жетті?
2. Еламандар Ақтөбеге қай күні жетті?
3. Еламандар араға үш қонып, төртінші күні түсте қайда жетті?

Тапсырма 7. Берілген есімдіктерді пайдаланып, сөйлем құраңыз:

Осы, оны, өзі, ешкім, олар, мына.

Тапсырма 8. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Маған ... қиын болды.
2. Мен ... тапсырмаларын орындадым.
3. Мен ... екенін түсіндім.
4. Мен ... үйрендім.
5. Мен ... таңғалдым.

Тапсырма 9. Өздерің білетін жалқы есімдерді естеріңе түсіріп, дәптеріңе жазыңыз.

- 1) кісі аттары;
- 2) мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, ауыл атаулары;
- 3) ұйым, мекеме, зауыт, фабрика, ұжым атаулары;
- 4) жер, су атаулары;
- 5) газет-журнал, кітап, ән, күй, шығарма аттары;
- 6) жылқыға, сиырға, түйеге, итке, т. б. хайуанаттарға қойылатын аттар.

Тапсырма 10. Жалқы есім мен жалпы есімді теріп жазыңыз.

Бурабайды бұрын көрмеген Жақыпбек айналасына қарады. Ол біресе көлге біресе Сыыртас пен Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге, біресе Бөлектәуға тамсана қарады. Бұл жерде бірнеше рет болған Бану мен Байсал да сұлу табиғатты тамашалап тұр. Осы жерде Майбалық көлі де бар. Оның суы асқазан ауруын емдейді.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 46 беті

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 5 мин.

7. Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: топтық жұмысы

Мәтінге сүйеніп, «Әбдіжәміл Нұрпейісов — кім?» деген сұраққа жауап беріңіз. Мәтіндегі деректерді кірістіріп, жазушы туралы шағын мәтін құрап жазыңыз.

№ 4 сабақ

5.1.Тақырып: Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Мерекелерді білу, ажырату. құттықтау, тілек айта білу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, есте сақтау, сауатты жазу қабілеттерін дамыту, қазақ тілін сүйіп оқуға тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: қазақтың мерекелері туралы біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін, сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем -әдеби тілде жеткізе білуге дағдыландыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ұлттық мерекелер туралы түсінік

2. Айт қабыл болсын! жайында түсіндіру

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Ұлттық мерекелер

Діни мерекелер — әрбір дін ұстанушының ерекше қастерлейтін мейрам күндері. Діни мерекелердің аталып өтілуі жеке діннің тарихына байланысты. Рамазан айт мерекесі — мұсылман жұртының діни мерекесі. «Айт» сөзі араб тілінде «Қайту, оралу, мейрам, қуанышты күн» деген мағыналарды білдіреді. Айт мерекесінің алдында мұсылмандар отыз күн ораза ұстайды. Барлық мұсылман үшін қасиетті Рамазан айы — қайырымдылық, құлшылық, сабырлық, береке мен бірлік айы. Отыз күн оразадан кейін мұсылмандар үш күн ораза айт мерекесін тойлайды. Олар Рамазан айымен қимай қоштасады. Келесі Рамазанға аман-есен жетулерін тілеп, құдіретті Аллаға құлшылық етеді, мешіттерде «Құран» оқиды, Қажылық жасап, құрбандық шалады. Айт мерекесі жыл сайын мұсылмандарға қуаныш, жақсылық алып келеді. Рождество — христиандардың қасиетті мерекесі. Бұл «Иса пайғамбардың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады. Бұл күні жақсылық жамандықты, әділдік зұлымдықты жеңген күн» болып есептеледі. Христиандар бұл күні шіркеуге барып, дұха жасайды, Құдайға табынады. Христиан діні бойынша, Иса Мәсіх пайғамбардың «Христос» деген лауазымы бар, ол — құтқарушы, Құдайдың ұлы саналады. «Иса пайғамбар дүниеге келген соң

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 47 беті

адамзат жақсы өмірге қол жеткізген» деген наным-сенім бар. Рождество мерекесін де халық өткен жылға рақмет айтып, келер жылдан жақсылық тілейді. «Алматы ақшамы» газетінен

Айт мерекесі

Айт мерекесі — мұсылмандардың ұлық мерекесі. Бұл күні мұсылмандар өз бауырларымен қуаныштарын бөліседі. Олар жетім, мүгедек жандарға сыйлық таратады, науқас адамдардың халін біледі, оларға Алладан шипа, төзім тілейді. Адамдар туыс, көршілерінің үйіне кіріп, бір-бірін құттықтайды. «Айт» — арабшадан аударғанда, «мейрам» деген мағынаны білдіретін сөз. Демек, ол — қуаныш пен шаттыққа толы күн. Айт мерекесі айт намазынан кейін басталады. Әр мұсылман сабыр, төзімділік, сенім, достық секілді сезімдерді бойына дарытып, ерекше тылсым күшке енеді. Намаздан сон мешіт ауласында жайылған айт дастарханына шақырылады. Бұл мейрам мұсылман үшін басқа мейрамдардан артық. Айт мерекесінің мұра болып қалуы үшін ата-аналар балаларына сый-сияпат жасайды. Оларға әдемі киімдерін кигізіп, туыстардың үйіне алып бару арқылы мерекенің қаншалық киелі екенін сезіндіреді. Айтта өзара кездесіп қалған мұсылмандар бір-біріне: «Айт қабыл болсын!», «Айт құтты болсын!», «Айтсын!», «Жақсылығы бірге болсын, ақ мол болсын!», «Айтың амандық әкелсін!» — деп құттықтайды. Айт күндері көп құлшылық жасалады. Күнәлар үшін Алладан кешірім сұрау үшін күні бойы дұха тілеу, жақсылықтан үміт етіп жүру қажет. (А. Оспанов «Мәдени мұра»).

Тапсырма 1. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Үзіндіде қандай мәселе туралы айтылған?
2. Дін адамзат мәселесіне жата ма? Неліктен?
3. Қазақстанда халықтың көбі қандай дінді ұстанады?
4. Қазақстан Республикасының заңдарында неге рұқсат берілген?
5. Елімізде қандай діни мерекелер тойланады?

Тапсырма 2. Суреттерге қарап, талқылаңыз:

1. Суретте қандай ұлттар бейнеленген?
2. Бұл ұлттар қандай діни мерекені тойлайды?
3. Өз отбасында қандай діни мереке тойланады?

Тапсырма 3. Топтық жұмыс. Діни мерекелердің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтандар. Диаграммаға жазып, тұсаукесер жасаңыз.

Тапсырма 4. Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазыңыз :

1. Мұсылман жұртының ең үлкен діни мерекесі — 2. Араб тілінде «Айт» сөзі «...» деген мағынаны білдіреді. 3. Рамазан айы — қайырымдылық, ..., ..., береке мен бірлік айы.
4. Рамазан ... Аллаға құлшылық етеді. 5. Мұсылмандар ... «Құран» оқиды. 6. ... жасап, ... шалады. 7. Рождество мерекесінде христиандар ... барады, дұха жасайды.

Қажетті сөздер: оралу, қажылық, құлшылық, айында, айт, мешіттерде, шіркеуге, құрбандық, сабырлық.

Тапсырма 5. Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қандай ұлттық және діни мерекелерді білесіз?
2. Сенің отбасында қандай діни мереке атап өтіледі?
3. Айт мерекесі жайлы не білесіз?
4. Айт мерекесі несімен ерекше?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 48 беті

Тапсырма 6. Мәтінді оқып, тақырып қойыңыз. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыз. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, көршіңе сұрақ қойыңыз. Екінші оқушы жауап беріп, келесі оқушыға сұрақ қойыңыз:

Ораза айт күндері әрбір мұсылманның үйінде дәмді тағамдар пісіріліп, мерекелік дастархан жайылады, Қонақ шақырылады. Мұсылмандар туыс, достар, көршілерді аралайды. Бір-бірінің үйінен дәм татады. Ораза айт мейрамы адамдар арасында бауырмалдықты, кішіпейілдікті, сүйіспеншілікті, кешірімділікті арттырады. Бұл — ерекше мейрам. Себебі ренжісіп қалған адамдар татуласады, бауырмалдығы артады. Ораза айт күндері балаларға жаңа киім, тәтті тағам, сыйлықтар береді. Сондықтан олар бұл мерекені асыға күтеді.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс

– білім алушылардың топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

«Қазақстанда қандай мейрамдар тойланатынын талқылаңыздар

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ жауап

Тапсырма: Ұлттық мерекелерге сипаттама беріңіздер

№ 5 сабақ

5.1.Тақырып: Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі. Тұрақты сөз тіркестері.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2.Мақсаты: оқушыларға ақынның адамгершілік ізгілік мәселесін көтерген, достық, махаббат еркіндігін аңсаған лирикаларын талдау, лирикалық қаһарман бейнесін ашу; әңгімесін талдау, барысында сұлулыққа, әсемділікке лайық бейнелі сөз кестелерін табу оқушыны шығармашылыққа ізденіске баулу.

5.3. Оқу міндеттері: туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түйу, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағдыландыру;

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы
2. Әнші әңгімесі туралы қысқаша түсінік
3. Тұрақты сөз тіркестері.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 49 беті

Жүсіпбек Аймауытов — көрнекті жазушы, драматург, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Ж. Аймауытов 1893 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Жүсіпбек 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орысша- қазақша мектепте, кейін Керекудегі (Павлодар) ауылшаруашылық мектебінде оқиды. Өзі де мектепте бала оқытып, қаражат табады. 1911-1914 жылдары ауылда мұғалім болып істейді. 1914-1918 жылдары Семейдегі оқытушылар семинариясын бітіреді. Семей қаласында алашордашылармен бірге «Абай» журналын шығарады. Семейде Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады. Кеңес үкіметі орнаған соң Семей, Орынбор, Ташкент қалаларында шыққан газеттерде Жүсіпбектің мақалалары мен әңгімелері жарияланды. Жазушының ең танымал еңбектері — «Ақбілек» романы, «Күнікейдің жазығы» атты көлемді әңгімесі. Ж. Аймауытов — қазақ драматургиясын қалыптастырушылардың бірі. Ол пьесалар жазып, спектакльде ойнаған. Ж.Аймауытов «Ел қорғаны», «Шернияз» және т.б. пьесаларын жазған. 1915 жылы Семейде «Біржан мен Сара» спектаклін сахналап, өзі Біржанның рөлін ойнаған. Жүсіпбек домбыра тартып, ән айтқан. 1929 жылы «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген жала жабылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылды. Кеңес үкіметі кезінде 60 жылдан астам уақыт бойы Ж. Аймауытовтың шығармалары оқытылмады. Жазушының мол мұрасын М. Әуезов атын дағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, 1996-1999 жылдары бес том етіп шығарды. Осылайша, оқырмандар әйгілі драматург-жазушының шығармаларымен қайта табысты.

«Әнші» әңгімесінен үзінді

Жетішатыр — жақсы қала. Жазы-қысы — ойын-сауық. Айт, той, атжарыс, күрес. Жаз шықса, пароход, паром, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, масайраған шат көңіл... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала. Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияктанып отыз тиынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық. Біз қос терезелі үйдің алдына тоқтадық. Үйдегі жеңгей: «Балалар, жоғары шығындар!» — деді. Шағын бөлмеде екі-үш жігіт қымыз ішіп отыр. Сары жігіт орын беріп, отырысымен кесесін ұсынды. Бұл қаланың бір жақсы жері — қазақтың оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерін сыйлайтын болғаны ғой.

Үйге бір жігіт кіріп келді. Ол Шәкетке:
«Қымыз құйшы!» — деді.

Қонақтар: «Бәрекелді! Жақсы келдің!» — деді.

— Шәкет, қарағым, гармоньды әперші!

— Уақытым жоқ, бержабай күтіп тұр...

— Барарсың, азырақ ән салып кет...

Жігіттер болмаған соң әнші сандыққа отырды. Шәкет сырнайын әперді. Әнші гармоньды қолына алды. Әнші еркін, ерке екен. Әнші ұшатын құстай қомданып алды. Отырғандар аузын ашып, аңырды. Әнші жіберді. Бір-бір ауыздан ән салды. Аз да болса, бірегей болды. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

— Өйт, шіркін!.. Па, сабазым-ай!

— Ой, пәле-ай!

— Бұл — қай әнші?

— Әнші Әмірқан — осы, — деді.

— Әмірқанды жұрт мақтайтын. Бір естуге мен де ынтық едім.

— Әмірқанның үйі осында ма?

— Осында.

— Үйінен қашан табылар екен?

— Оны қайтесіңдер?

Әншейін... Әнін бір естуге...

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 50 беті

— Оны үйден ұстай алмайсыңдар. Ол — бір сағым.
— Өзі не кәсіп істейді?
— Әмірқанда кәсіп бола ма ән салғаннан басқа?!...
— Ақша тапса, жарайды ғой...
— Көп үстіндегі жігіт емес пе? Оған кедейлік бар ма?
— Өлеңді ақша сұрап айта ма? Жоқ...
— Аштан өлуге бейіл, өлең айтып, ақша сұрағанын көргеміз жоқ.
— Онысы қызық екен!.. — Өзі де — қызық жігіт. Онсыз топтың ажары кірмейді. Әйтеуір жандырып жүреді. Расында жандырып жіберді. Әмірқанның жайынан аз әңгімелесіп, қымызға қанған соң пәтерімізге қайттық.

Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесінен

Тапсырма 1. Жаттап алыңыз, жағдаят құрыңыз:

ақ сөйле – говори правду;
арзан қол – дешевый;
аталы сөз – слово-назидание;
атам заманнан – издавна;
аты жер жару – статья очень знаменитым;
ауызы ауыр – неразговорчивый;
аузы берік – держать язык за зубами;
аузына қарату – завоевать, всеобщее уважение;
аузына май, астыңа тай – да сбудутся твои слова;
төбе шашы тік тұру – волосы стали дыбом;
бармағын тістеу – кусать себе палец;
тыным таппай еңбек ету – работать не покладая рук.

Тапсырма 2. Сәйкестендіріңіз.

Ақ көңіл	Трус
тас жүрек	ключок земли
ақ жүрек	старый знакомый
су жүрек	Завистливый
іші тар	справедливый, честный
ескі көз	совершенно новый
аядай жер	бездушный, бесчувственный
судай жаңа	простодушный, добрый малый
сделать карьеру, добиться успеха	тасы өрге домалау
грамотный, образованный	көзі ашық

Тапсырма 3. Тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

Ұзын құлақ – хабар (молва, весть, слухи); Құлақ салу – тындау (слушать); Құлағым сізде – тындап тұрмын (слушаю Вас); Он саусағынан өнер тамған – шебер (мастер на все руки); Қой аузынан шөп алмас – момын немесе жуас (тихий, мухи не обидит); Қас пен көздің арасында – жылдам, лезде, тез (мгновенно, быстро). Жұбын жазбау – ажырамау, үнемі бірге жүру (быть неразлучным).

Тапсырма 4. Сұхбаттан тұрақты сөз тіркестерін табыңыз.

— Қайрат, сен өзі ақылыңнан адасқансың ба?
— Неге олай дедің? – Жолдастарыңмен ала ауыз болып не көрінді? – Кімнен естідің? – Бәрі айтып жүр ғой.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 51 беті

– Оның бәрі алып қашпа сөз, сенбе.

Серік, аталы сөз бар емес пе?

Көзің жетпейінше ешкімді кінәлауға болмайды.

– Қайрат, рас айтасың.

– Мен аузы берік адаммын, болған істі ешкімге айтпаймын. Ал олар айналасын ауыздарына қаратқысы келеді, ашса алақанында.

Тапсырма 5. Төмендегі мәтіннен неше адам диалогке қатысқанын анықтап, үйге кім келгенін айтыңыздар. Диалогті рөлге бөліп оқыңыз.

Үйге бір жігіт кіріп келді. Ол Шәкетке:

«Қымыз құйшы!» — деді.

Қонақтар: «Бәрекелді! Жақсы келдің!» — деді.

— Шәкет, қарағым, гармоньды әперші!

— Уақытым жоқ, бержабай күтіп тұр...

— Барарсың, азырақ ән салып кет...

Тапсырма 6. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып, бір-біріңмен диалог құрыңыз:

1. Сен ән тыңдайсыз ба? Әнді неден тыңдайсыз?

2. Қандай әндер жүрегіңді тербетеді?

3. Өзіңе ұнайтын әнді тыңдағанда қандай сезім пайда болады?

Тапсырма 7. Төмендегі сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз.

Сауық, құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, бойды шымырлатты.

Тапсырма 8. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Наурызда қазақ шәкірттері сауық жасауға даярландық. Жастардың талабы, өнері, жігері, қорғақтығы, мақтаншақтығы, өзімшілдігі сыналатын жер — сауық. Сауықты бір перделік күлкі, қалғанын декламация, хор, ән домбыра, оркестрмен өткізбек болдық. Сауыққа Әмірқанды шақырып, ән салғызатын болдық. Сауыққа жақсы даярландық. Клубтың театрын алдық. Билет екі күн бұрын сатылды. Жетішатырдың қазақтары бала-шағасымен келді: залға сыймай кетті. Халық сонша көп жиналды. Қоңырау екі соғылды. Біз сахна жақта домбырамызды күйлеп, кісілерімізді жинап, шашымызды тарап жатырмыз. Қоңырау үш қағылды. Шымылдық ашылды. Зал у-шу, айқайласып, кимелесіп, орынға таласып: «Дауыстама!», «Отырындар!» — десіп жатыр.

Өзімізше: «Жақсы шығардық!» — деп ойладық. Шымылдық жабылды, шапалақ соғылды. Хорымыз жамырап, жақсы шықпады... Рахымбек декламациясын жақсы айтты. Он екі жасар Мәржім скрипкаға қосылып тамаша ән айтты. Оны қайта-қайта шақырып, залды дүрсілдетті. Келесіде Әмірқан ән шырқады. Әмірқан халықты сүйіндірді. Ел ішіндегі жиын, тойда айтқаны болмаса, Әмірқан театрда ән салып көрген жоқ екен. Әмірқан шығысымен шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да басқа еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді. Домбырасын күйлеп, екпіндетіп бір-екі сарындатып алды да айқайға басты. Зал тымтырыс болды... Халықтың алдына шыққанда Әмірқан шабыттанып кетеді екен. Бұрынғы дауысы астар болмай қалды. Зал жаңғырып кетті. Шапалақ та шапалақ...

— Пәле шіркін! Бис-бис...

— Тағы да шық, тағы да!.. Тағы шықты Әмірқан. Бұ жолы Әмірқан басқа әнге салды. Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айқай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып басылды. Әмірқанды құшақтап алып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз. Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін өзі ұмытады, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол — тәтті әнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге ән

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 52 беті

салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың. Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тыңдамай, сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды.

(Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесі)

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау:

1. 1930-1937 жылдары репрессияға ұшырап, «халық жауы» аталған қандай қазақ қайраткерлерін білесіз?

2. Репрессияға ұшыраған ақын-жазушылардың қандай шығармаларымен таныссыз?

№ 6 сабақ

5.1.Тақырып: Сауда тарихы.Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ұлы Жібек жолының пайда болу, таралу тарихына шолу жасай келе, Ұлы Жібек жолының тармақтары, Жібек жолының Қазақстандағы сілемдері, Жібек жолы арқылы тасылған негізгі тауарлар, керуен жолының мәдениет пен діннің, сауданың, қалалардың дамуына қосқан үлесі мен әлеуметтік-экономикалық маңызын ашу. Керуен жолының Қызылқоға өңіріндегі табылған тармағымен жергілікті тарихи деректермен оқушыларды таныстыру.

5.3. Оқу мақсаттары: туған жерін қадірлеу, халқына қызмет ету, ел тірлігі, ел бірлігі, ұрпақ келешегі, адам жанының рухани тазалығы жайлы ойларын жүйелей отырып, адамгершілік пен адамдық қасиетке тәрбиелеу, кәсіптік бағдар беру, шығарманы талдай білуге, идеясын ашу, қорытынды ой түю, есте сақтау қабілетін, оқу дағдысын қалыптастыру, жүйелі, шешен сөйлеуге дағдыландыру

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сауда тарихы

2. Ұлы Жібек жолы сауда мәдениетінің өркендеу биігі

3. Үстеудің жасалу жолдары мен сөйлемдегі қызметі.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Сауда тарихы

Қола дәуіріндегі түрлі мал, егін, колөнер салаларының дамуы нәтижесін де қоғамда азық-түлік, зат көбейді. Осыған байланысты адамдар заттарын қажет затына айырбастай бастады. Саудаласқан кезде зат айырбастайтын адамдардың арасында делдалдар жүрді. Делдал — екіжақты мәмілеге келтіріп, сауданы реттеуші адам. Алғашқы уақытта бір еңбек

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 53 беті
Әдістемелік өңдеу		

өнімі екінші еңбек өніміне тікелей айырбасталды. Одан әрі өндіріс пен айырбастың дамуы нәтижесінде тауарлар арасынан бір тауарға басымдық берілді. Басқа тауарлар осы тауарға айырбасталды. Ол тауар әртүрлі тайпалар мен халықтар арасында ақша ретінде ішкері және сыртқары жерде саудасаттықты реттеу үшін қолданылды. Ондай заттар ақшаның орнына жүрді. Мысалы, кейбір халықтарда (гректер, римдіктер, славяндар, моңғолдар, т.б.) ақшаның орнына мал жүрді. Ертедегі Русьте, Скандинавияда аң терісі, Қытайда шай, Абиссинияда тұз ақшаның орнына қолданылды. Қазақстан жерінде ішкі сауда-саттық үшін саулық қой пайдаланылды. Тауар өндірісі мен тауар айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде ақша пайда болды. Саудада екі жақты мәміле жасалатын тауар түрі «ақша» деп аталды. Кейін тауар айырбасының, халықтар арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі нәтижесінде ақшаның орнына түрлі металдар қолданыла бастады. Алғаш рет Ақ ғұндар біздің заманымыздың I ғасырында бір беті пехвели, екінші бетіне эфталит (түркі-руни) жазуы бар теңгелер жасап, жаңаша сауда айналымына кіргізген. Қазақ елі (Қазақ халқын құраған негізгі тайпалар) — баба түркілер Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, ақша жасауды өте ерте қолға алған. Осылайша, VI-VIII ғасырларда билеуші рулардың тақ басы Қашалған, ру рәмізі бейнелеген теңгелер құйылған. Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың Қола теңгелері VI-VIII ғасырдың I жартысына дейінгі аралықта қолданылған. Мұндай теңгелерді Суяб, Тараз қалаларында арнайы шеберханаларда құйған.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)

Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі.

Адамдардың тұрмысына қажет заттарға деген сұраныс сауда орындарының — базардың, жәрменкенің, сонымен қатар ел мен елді, қалалар мен халықтарды бір-біріне жалғаған сауда жолдарының пайда болуына себеп болды. Жолдар бірбіріне қосылып, батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке қарай көршілес жатқан жерлердің бірінен соң біріне жылжып, созыла берді. Осылайша, Еуропа мен Азияның арасындағы толыққанды әрі беделді сауда жолы — Ұлы Жібек жолы пайда болды. Бұл көпсалалы сауда жолы Чжан Цян саяхатының нәтижесінде б. з. д. II ғасырда ашылды. Қытайдан бастау алған сауда жолы Орта Азия арқылы бүкіл Еуропаға тарады. Аты айтып тұрғандай, керуен жолымен бүгінгі Қазақстан аймағына негізінен жібек маталар әкелінді. Сауда айналымы артып, керуен қатары өскен сайын жолдың бақыты да өзгере берді. Өте үлкен көлемде қаржылай пайда тапқан саудагерлер Қара теңіз арқылы батысқа бет алып, тауарын Еуропа халықтарына тасымалдады. Кәрі құрлықтың халқына осы жолмен өркениетте келді. Ұлы Жібек жолымен бірге Еуропаға сауда тауарлары ғана жеткен жоқ, сондай-ақ Азия халықтарының мәдениеті де келді. Ұлы Жібек жолының бір тармағы — Мысыр мен Вавилон, Иранда өте қымбат бағаланатын, әдемі көк тас лазурит тасымалданған. Сондықтан ол «Лазурит жолы» деп аталды. Екінші тармағы — Қытайдағы императорлар мен ақсүйектердің сүйікті заты болған әшекейлер жасау үшін әдемі нефрит тасын тасымалдайтын «Нефрит жолы» болды. Ал үшінші «Бұлғын жолымен» қымбат бағалы терілер тасылды. ғалымдардың анықтағанындай, бұл б. з. д. II ғасырда болған. Жібекпен бірге шығыстан батысқа, батыстан шығысқа Рим, Франция, Византия, Русь, Иран, Араб халифатында, Ерте Түркі қағанаттарында, Қытай, Корей, Жапонияда өндірілген көптеген тауар ағылды. Мұндай экзотикалық тауарлардың тізімі өте үлкен. Олар: хош иісті заттар — жасмин (ақгүл, ақтамақгүл) суы мен амбра иісмайы, кар дамон астатымы, мускат жаңғағы; женьшень, дәрі-дәрмек; кілем, көне бояулар мен минералды шикізаттар; алмас, яшма, кәріптас пен теңіз маржандары; морждың сүйегі мен азу тістері, алтын, күміс; қымбат терілер мен теңгелер; садақ-жебе, қылыш-найза және бұдан басқа заттар еді. Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткендіктен, түркі тілінің халықаралық тіл деңгейінде қолданылуына жол ашты.

(Баспасөз беттерінен)

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 54 беті
Әдістемелік өңдеу		

Тапсырма 1. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Ұлы Жібек жолы және сауда өркениеті» тақырыбында шағын мәтін құрап жазыңыз. Мәтінде туынды үстеулерді қамтыңыз:

Қажетті сөздер: орта ғасыр, сауда өркениеті, беделді ел, көпсалалы сауда, қаржы айналымы, толыққанды қарым-қатынас, сауда-саттық, екіжақты мәміле, зат алмасу.

Тапсырма 2. Жұмбақ өлең. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз. Мәтіндегі түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңдар. Өлеңнің авторы мен жазылған уақытын анықтаңдар. Автор туралы тапқан ақпараттыңды айтып, ой бөлісіңіз:

Тандаулы мыңға жуық түйе тізген,
Жүк артқан келе жатыр бай керуен.
Жүз жирен түйесіне дирхем артқан,
Тағы да қырық түйе динар артқан.
Мускус пен тандаулы теңдері бар,
Қызықтырып сәндікпен жібектер сал.
Осыларды Шын мен Мысыр, Иран сатып,
Керуенге ерген отыз түйе алған артып.

Тапсырма 3. Аудиомәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ұлы Жібек жолында қанша ғасыр бойы сауда жүрді?
2. Бұл жол неге «Ұлы Жібек жолы» деп аталды?
3. Ұлы Жібек жолы қандай аралықты қамтыды?
4. Бұл жолдың ұзындығы қанша шақырым болды?
5. Ұлы Жібек жолында қандай тауарлар сатылды?

Тапсырма 4. Суреттерге қараңдар. Бұл суреттердің «Ұлы Жібек жолы» тақырыбына қандай қатысы бар? Диалог құрыңыз:

Тапсырма 5. Картаға қарап, Ұлы Жібек жолының қазақ жеріндегі Қала мәдениетінің дамуына ықпалы туралы ойларыңды жазыңыз

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : пікір -талас

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындай дәлелдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: ауызша сұрақ жауап;

- 1.«Ұлы Жібек жолы» деген сөзді естігенде ойыңа не келеді?
2. Ұлы Жібек жолының «сауда» ұғымымен қандай байланысы бар?
3. Ұлы Жібек жолы Қазақстанның қай қалаларын басып өтті?
4. Ұлы Жібек жолы орта ғасырлық түркі тілдерінің дамуына қалай әсер етті?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 55 беті

№ 7 сабақ

5.1. Тақырып: Екіжақты келісімді сауда.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға екіжақты келісімді сауда ұғымын түсіндіру. Екіжақты сауданың ерекшеліктері мен маңызын талдау. Қазақстанның басқа елдермен жасасқан сауда келісімдері туралы ақпарат беру, білім алушыларға экономикалық ойлау, талдау, салыстыру қабілеттерін дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. «Қазақстан қандай елдермен сауда қатынасында?»

2. «Сауда келісімі не үшін қажет деп ойлайсыңдар?»

Жаңа сабақты түсіндіру: 30мин.

Екі жақты келісімді сауда - бұл бизнес процестерінде қазіргі заманның негізгі көріністерінен бірі. Олар барлық құралдар мен қызметтерді өзара алмасуға және келісімде келесі жағдайларды ойдауға мүмкіндік береді. Екі жақты келісімді сауда байланысты үлкен көптеген индустриялардың құны мен төлеулерінің қанағаттанарлық деңгейін есептей отырып, барлық тәжірибе және ерекшеліктерді еске салады. Оны қолдану, жеке және саяси салалардағы барлық бизнестерге кең көзқарас көрсетеді.

Бірінші орында, екі жақты келісімді сауда мемлекеттер арасындағы тікелей сауда құнын жақсартады. Ол ұзақ мерзімде саяси, экономикалық және кеңестерді қолдауға арналған қолданбалармен, төлеулермен, салықтармен және бірлескен төлемдермен байланысты ең жақсы күшті. Бұл елдер арасындағы тікелей сауда көмекшілері мен мемлекеттер арасындағы кеңесшілер арасында қатарлы байланысты тұр.

Сонымен қатар, екі жақты келісімді сауда бірлескен бизнес қоғамының арасында қаржыны бейімдеу, рисктерді бөлісу мен жүктеу, байланысты және іс-шараларды өткізу кезінде бағыттарды төмендету мен екілікті шарттарды ойдау мүмкіндігін кеңестейді. Бұл, қауіпсіздік, жауапкершілік және эффективтілік пен қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді.

Екі жақты келісімді сауда өте маңызды бизнес көрсеткіштерін жақсартады және тұрмыстың операциялық жоспарын жеңілдетеді. Бұл, кеңестердің, саяси және экономикалық шарттардың, салықтардың, бірлескен төлемдердің мен қағаздық шарттардың қолдануынан жақсы көзқарас көрсетеді. Екі жақты келісімді сауда бұл бизнес қоғамында қатарлы арнайы бір тәжірибе және expertіз жиілігін көрсетеді.

Екіжақты сауданың ерекшеліктері

Ерекшелік

Тура байланыс

Келісімді түрде

Теңгерімділік

Ұзақ мерзімді болуы мүмкін

Түсініктеме

Екі ел арасында делдалсыз жүзеге асады

Сауда шарттары алдын ала келісілген

Әр тарап өз пайдасын көздейді

Бірнеше жылға жасалады

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 56 беті

Тапсырма 1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Екіжақты келісімді сауда дегеніміз не?
2. Қазақстан үшін мұндай сауда түрі не үшін маңызды?
3. Қандай тауарлар экспортқа шығарылады?
4. Қай елдермен сауда белсенді?
5. Бұл сауда ел экономикасына қалай әсер етеді?

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

5.7.Бақылау: шағын топта жұмыс

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.«Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты сауда» тақырыбында 5–6 сөйлемдік шағын баяндама
2. Кесте толтыру:

Ел атауы Экспорт Импорт Сауда пайдасы

№ 8 сабақ

5.1.Тақырып: Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2.Мақсаты: Білім алушыларға сауда мәдениеті мен тұтынушы құқығы туралы түсінік беру, тұтынушылардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Құқықтық сауаттылықты арттыру, білім алушылардың сыни ойлау, пікір айту және өмірлік жағдаяттарды талдау қабілетін дамыту.

5.3.Оқу мақсаттары: мемлекеттік тілді құрметтеу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру; тыңдаушылардың білімге деген құштарлықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, өз ойларын дұрыс жеткізуге дағдыландыру, елімізді, ана тілімізді, Отанымызды сүйуге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сауда мәдениеті
2. Тұтынушы құқығы

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Сауда мәдениеті – бұл сатып алушы мен сатушы арасындағы өзара әдепті, заңға сай, және әлеуметтік нормаларға сәйкес қарым-қатынас жасау үлгісі. Сауда мәдениеті қоғамдағы қаржылық, құқықтық, этикалық тәртіптің маңызды бір бөлігі болып табылады.

Тұтынушы - бұл жеке тұтынуына немесе жеке шаруашылығына пайдалану мақсатында тауар сатып алатын және жұмыстар мен қызмет көрсетулерді пайдаланатын азамат немесе белгілі бір ұйым.

Тұтынушылардың негізгі құқықтары:

негізгі мұқтаждықтарды қанағаттандыруға, яғни өмір сүруді қамтамасыз етуге бағытталған тауарлар мен қызметтерге; тамаққа, киімге, баспанаға, денсаулық сақтауға, білім алуға, санитарлық жағдайға арналған құқығы;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 57 беті

адам денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін тауарлардан, өндірістік процестер мен қызметтерден қорғануға арналған қауіпсіздік құқығы;
өзі сатып алып отырған тауар туралы мәлімет алуға: тауар жақсы ма, қандай қасиеттері бар, сапа сертификатының мерзімі өтіп кеткен жоқ па, ол кіммен берілген, тауар сатушы кімнің өкілдігін білдіріп отыр және тауар құжаттары туралы мәлімет алуға құқығы;
монополиялы тауарға оның бағасының көңілге қонымды екеніне кепіл алуға, нақты бір сомада сатылып отырған алуан түрлі тауарларды таңдауға құқығы;
өзінің мүдделерін ескеруге және үкіметтік қоғамдық ұйымдарға тұтыну құқығын ескеруге, ұсыныстар беруге, тыңдатуға құқығы;
сапасыз тауарлар немесе қанағаттанарлықсыз қызмет көрсетілгенде шығынның орнын өндіріп алуға құқығы;
тұтынушыға тауарлардың сапасын ажыратуға мүмкіндік беретін білімдер мен ілімдер алуға деген тұтыну біліміне құқығы.

Тапсырма 1. Топтарға бөлініп, тапсырмаларды орындандар

Топ Тапсырма

1-топ Сауда мәдениетін сақтамаған жағдайға мысал келтіріп, шешу жолын ұсыну

2-топ "Сатып алушы құқығы бұзылғанда" атты шағын көрініс көрсету

3-топ Плакат жасау: «Тұтынушы құқығын білу – заңды қорғау».

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

С.Мұқанов қазақ әдебиетіндегі роман жанрын дамытудағы еңбегі туралы айтып беріңдер

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Таңдау бойынша:

1.«Сауда мәдениеті қандай болу керек?» атты шағын эссе жазу.

2.Өзін кездескен сауда жағдайын сипаттап, құқық бұзылғанын талдау

3. ҚР «Тұтынушы құқықтары туралы заңынан» 3 негізгі бапты жазып келу

№ 9 сабақ

5.1. Тақырып: Ыбрай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?»

Сағат саны: 2 сағат **90 мин.**

5.2. Мақсаты: оқушыларға Ыбырай Алтынсаринның шығармашылығы және өлеңдерінің тақырыптары мен мазмұнын әңгімелеу; идеялық ерекшеліктерін таныту; ақын лирикасын талдай, түсіне білуге үйрету.

5.3. Оқу міндеттері: қазақтың ақын- жазушыларын біліп, құрметтеуге, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу, оқушылардың әдеби –теориялық білімдерін , сөйлеу тілдерін, зейін, көру, есту қабілеттерін дамыту. Өз ойларын көркем -әдеби тілде жеткізе білуге дағдыландыру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 58 беті

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

1. Ы. Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы

2. «Дүние қалай етсең, табылады?» шығармасының идеясы мен мазмұны

Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы

Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой-пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын, прозашы және орыс классиктері туындыларының, атап айтқанда, Крылов мысалдарының аудармашысы ретінде кеңінен мәлім. Ол 1841 жылы 20 қазанда Қостанай облысында туған. Әкесі ертерек қайтыс болып, атасы Орынбор шекаралық комиссиясының әскери старшинасы Балғожа бидің қолында тәрбиеленді. 1850 жылы Ыбырай шекаралық комиссия жанынан қазақ балаларына арнап ашылған мектепке түсіп, оны алтын медальмен бітірді. Мектепті бітіргеннен кейін Ы. Алтынсарин үш жылдай (1857-1860) атасының қоластында кеңсе қызметкері, содан соң 1859 жылдың тамызынан бастап Орынбор басқармасында тілмаш болып қызмет етті. 1860 жылы облыстық басқарма оған Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды да, өзін сол мектепте орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады. Ағартушылық идеялармен жігерленген ол ауылдарды аралап, халыққа білім алудың маңызын түсіндірді. 1864 жылы 8 қаңтарда мектеп салтанатты түрде ашылды. 1868 жылы Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасып, содан соң уезд бастығының аға көмекшісі және уақытша уездік судья міндеттерін қатар атқарды. Қызмет бабымен ол ауылдарда жиі болып, болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының сайлауына қатысып жүреді. Сайлау кезінде ол әділ шешім шығарылу үшін, дауысты сатып алудың, паракорлық пен қиянат жасаушылықтың орын алуына жол бермеуге тырысты. Наразы болған байлар оның үстінен облыстық басқармаға, әскери губернаторға және одан әрі ішкі істер министріне шағым жасап, оны 1868 жылғы Уақытша ережеде белгіленген сайлау жүргізу тәртібін бұзды деп айыптады. Жалақорлар Ы. Алтынсаринді уездік басқармадағы қызметінен кетіруге тырысты. Николаев уезі Аманқарағай болысының басқарушысын сайлау кезінде Ы. Алтынсарин ұсынылған екі байдың орнына халықтың мүддесін қорғайтын үшінші бір адамның сайлауына қол жеткізді. Ы. Алтынсаринның үстінен жазылған шағымдардың бірінде ол “социалист” деп аталды және осы іс бойынша тергеу жүргізілді.

Ыбырай Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі - қазақ балаларына арнап өзі құрастырған оқулыққа енген, өзге тілден аударылған шығарма. Әңгіме француз жұртының бір білімді адамының жазғанынан деп басталып, Антон деген жол бойында қайыр сұрап отыратын тіленші жігіт туралы баяндалады. Бірде кездескен жолаушы кісінің Антонға ақыл беріп, мысалмен өз басынан өткен жайды өзгеге үлгі етуінің сыры бар. Онда ол еріншектіктен арылып, жалқаулыққа салынбай еткен еңбек, төккен терінің арқасында бақуатты жағдайға жеткенін, балаларын да жасынан бос жүруге, қиналмай мал табуға үйретпегендігін, өз қайратымен тұрғызған екі өндіріс орнын балаларына бергендігін айтады. «Осы айтқанымша, машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон», - деген жолаушы кісінің айтқан тілін алған Антон ерінбей еңбек етіп, маңдай терімен жақсы тұрмысқа жетеді. Бұған куә болған шетелдік әңгіме авторының көргені мен түйгені - еңбекті сүю, одан қашпай, дүниені еткен еңбек, төккен терден сұрау керек деген оймен тұжырымдалады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 59 беті

Тапсырма 1. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Ыбырай Алтынсарин — кім?
2. Оның қандай шығармаларын білесіз?
3. Неге Ы. Алтынсаринді «Қазақ балалар әдебиетінің атасы» деп атайды?
4. Н. И. Ильминский — кім?
5. Ы. Алтынсарин мен Н. И. Ильминскийдің арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

Тапсырма 2. Ыбырайдың Н. Ильминскийге жазған хатын оқыңыз. Хаттың авторына қандай мінездеме беруге болады? Өз пікірінді айтыңыз:

«Осы жылы қаңтардың 8 күні көптен күткен күн орнына келіп мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де —есті жақсы балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім. Бұл балаларды небәрі үш айдың ішінде оқи алатын және орысша ,татарша жаза білетін болды. Кейін паракор болмауы үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырамын. Мен бос уақытымда оларға дін тарихынан білгенімді айтамын. Оған басқа да пайдалы, түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын. Менің үнемі ұмтылған тілегім – оларды қалай да, пайдалы адам етіп шығаруға көмек беру еді. Ал қазір, осыған қолым жетіп отырғанын ойласам , көңілім толық жұбаныш табады».

Тапсырма 3. Аудиомәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сөз тіркестерін екі топқа бөліп жазыңыз:

Ағартушылы-педагогтік қызмет, арман еткен, оқу құралы, ауылды аралау, жиналған - қаражат, ынтасын арттыру үшін, балаларға арналған, мектеп салғызу, балалар әдебиеті,

Тапсырма 4. Мәтінді оқып шығып, түсінгенінзді айтып беріңіз:

Француз жұртының бір білімді адамы былай деп жазады: «1791 жылы өзім «университет» деген үлкен шkolда оқып жүрген жігіт едім. Апта сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұратынмын. Сонда әрдайым жолымда «Антон» деген тіленші қайыр сұрап отырушы еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, орта бойлы арықтау кісімен жолықтым. Екеуіміз бірге келе жатқанда Антон алдымыздан шығып, қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да:

— Сен қарауға есті кісі секілді көрінесің, жұмыс істеуге қуатың да бар. Сөйте тұрып, мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ тіленші болған жоқпын. Елден, қала қаладан қыдырып жүріп, әуелі қоқыстан не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап, жиып жүрдім. Ол шүберектерді қағаз істейтін фабрикаларға апарып, саттым. Сөйтіп, біраз ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша таптым. Содан кейін қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық , жинақты, еріншектікті білмедім. Осы күнде екі үлкен тас үйім бар. Фабрикамды балама бердім. «Балам да аштық көре қалмас» деген үмітім бар. Себебі — баламды жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымды тыңдап, еңбектен қашпасаң, сен де бай боласың, — деді де жөніне жүріп кетті. Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып, тұрып қалды. 1815 жылда «Брюссель» деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчикке: «Олай ет! Бұлай ет!

— деп бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да қасыма келіп:

— Айып етпесеңіз, сұрайын. Мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүруші ме едіңіз? — деді. Сонда ойыма түсіп, таңқалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 60 беті

— Ра-ас, — деді Антон,

— Мен сондағы көрген тіленші Антоныңызбын. Бір күні қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме қонды. Тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

(Ы. Алтынсарин)

Тапсырма 5. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықта. Тағы қандай сөздермен тіркеседі? Жазыңыз

№	Мәтіндегі жаңа сөз	Мәтіндегі сөз тіркесі	Басқа сөзбен тіркесі
	Тіленші	тіленші қайыр сұрады	көшеде қайыр сұрады
	Ескі	ескі шүберек	

Тапсырма 6. Төмендегі сөздерді қатыстырып, мәтіннің мазмұнына қатысты 5 сұрақ құрап айтыңыз:

Үлгі: Студенттің серігі Антонға не үшін кеңес берді?
үшін, көмек, әлі, бөгде, берешек, толыққанды, кеңес.

Тапсырма 7. «Балық қаңқасы» диаграммасын толтырыңыз. Жазғандарымды өзара алмасып, пікір бөлісіндер:

1. Балықтың басына әңгіменің мақсатын;
2. Үстіңгі қаңқасына әңгіменің идеясын;
3. Астыңғы қаңқасына кейіпкерлердің мінездемесін;
4. Құйрығына қорытындыны жаз.

Тапсырма 8. Топтық жұмыс. Қарама-қарсы идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын.

Бірінші пікір	Мүмкін	Екінші пікір
Байлыққа қол жеткізу үшін беделді адамның көмегі керек	Ойламаған жерден байып кет мүмкін	Байлыққа қол жеткізу үшін беделді адамның көмегі керек емес.
Себебі ...	Себебі.....	Себебі

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптасып жұмыс жасау

Жұптасып жұмыс жасау – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптұсты шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: бағыт беру.

Сұрақтар тізімі:

Ы. Алтынсариннің өмір жолы мен шығармашылығы туралы айтып беріңіз.

ә) «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесінің мазмұнын айтыңыз.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 61 беті

б) «Еңбекпен тапқан нан» немесе «Байлықтың көзі - еңбекте» деген тақырыптарға шағын шығарма жазыңыз.

№1 Аралық бақылау жұмысы

1. Мұхит әлемі
2. Мұхиттағы жануарлар әлемі. Мұхиттағы өсімдік әлемі
3. Мұхиттағы экологиялық проблемалар
4. Мұхит және экологиялық проблемалар
5. Әбдіжәміл Нұрпейісов. "Қан мен тер" романы
6. "Адамзат тағдырының жыршысы" (талқылау сабағы)
7. Ұлттық мерекелер
8. Жүсіпбек Аймауытов. "Әнші" әңгімесі.
9. "Қазақстандағы діни мерекелер". Интервью алу.
10. Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі
11. Екіжақты келісімді сауда
12. Сауда мәдениеті туралы айтып беріңіз.
13. Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы

№ 10 сабақ

5.1. Тақырып: Ұлы жібек жолы тарихы.

Сағат саны: 2 сағат **90 мин.**

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға Ұлы Жібек жолының шығу тарихы, бағыты, маңызы туралы білім беру, Қазақстан жері арқылы өткен Жібек жолының тарихи рөлін түсіндіру. Тарихи оқиғаларды салыстыра отырып, логикалық ойлауын қалыптастыру, тарихи және мәдени мұраға деген құрмет қалыптастыру, Қазақстанның геосаяси маңызын түсіндіру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары: Тарихи және мәдени мұраға деген құрмет қалыптастыру Қазақстанның геосаяси маңызын түсіндіру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Б.з.д. II ғасырда Қытайдан басталған
2. Қытайдың жібек, шай, фарфор, қағаз өнімдерін Батыс елдеріне тарату мақсатында құрылған
3. Батыс пен Шығысты жалғастырған ең ұзақ керуен жолы

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Ұлы жібек жолы тарихы

«Жібек Жолы» (Ұлы «Жібек Жолы») — Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды алманиялық ғалымдары Ф. фон Рихтхофен (F. von Richthofen) бен А. Герман (A. Herman) 19 ғасырда ұсынған.[1] Ұлы Жібек жолы - адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол, Еуропа мен Азияның Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында, VI ғасырдан бастап екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістелген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашқар арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025 72 беттің 62 беті
Әдістемелік өңдеу		

Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Ол Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастаған, себебі Хан патшалығының Хан Уди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі рет жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болған. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чянның сапары бұл жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырған. Осыған орай саудагерлер де «Жібек жолында» ат ізін суытпаған. Жаң Чян батыс өңірге және Орта Азияға Қытайдың жібек өнімдерін ала барған; ал, елге қайтарында барған жерлерінің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Жаң Чянның сапары қытайлықтардың батыс өңір мен Орта Азияны түсінуіне мүмкіндік берді. Ал Жаң Чян барған жерлердегі халық та Қытайдың өнімдері мен мәдениетіне қатысты түсінігін анағұрлым тереңдетті. Осылайша, бұл жол гүлденіп, көркейе бастады. Шығыс пен батыстың аралығындағы дәнекерге айналып, өркениеттерді өзара тоғыстырды. Осы жолды қорғау және дамыту мақсатында, Қытайдың әр дәуірдегі патшалары жол бойына қарауыл қойып, әскер тұрғызды.

«Жібек жолы» іс жүзінде өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта ол уақыт ізімен өзгеріп отырған, бірақ тарихтағы дәстүрлі сорабы өзгермеген: жол шығыста Чаң-аннан (қазіргі Шиан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 км асады.

Ерте кездегі «Жібек жолы» Шыңжаңнан 3 айрыққа бөлінген, Тянь-Шань тауының солтүстігіндегі ежелден бар дала жолы: Жемсары, Іле өңірін басып, Балқаш өңіріне барады, онан ары батыс солтүстікке жүргенде Қара теңіздің шығыс жағалауына жетеді. Оңтүстік айрығы Крораннан (Лулан) шығып Күнлүн тауының батысын қапталдап Жаркентке барады, онан ары жүргенде адырлардан асып, Орта Азияға, Батыс Азияға, Еуропаға дейін созылады. Кроранның батыс солтүстігіндегі Көншы өзенінің батысын бойлап, Иіңпанды, Күшарды басып Қашқар Жаңашар ауданына баратын жол солтүстік айрығы саналады, бұл жол да адырлардан асып, Еуропаға дейін барады.

Кейін тағы 3 айрық жол пайда болды: Юймынның батыс солтүстігінен басталып, қазіргі Құмыл, Тұрпан, Жемсары сияқты жерлерді басып, бұрынғы дала жолына тұтасатын жол, бұл кейінірек «солтүстік жол» деп аталды. Тұрпаннан шығып, Тянь-Шань тауының оңтүстігін қапталдап, батысқа беттеп, Қарашәр, Күшәрді басып, бұрынғы солтүстік жол айрығымен тұтасатын жол кейінгі кездері «Орта жол» деп аталды. «Оңтүстік жол» бұрынғысымен ұқсас.

7 ғасыр кейін, теңіз қатынас-тасымалы дамығандықтан, «Жібек жолы» біртіндеп екінші орынға түсті, бірақ 13 ғасырға дейін шығыс пен батыс қатынасының маңызды жолы болып келді. 19 ғасыр басында, Испанияның елшісі Қытайдың 800 түйелік сауда керуенін өз көзімен көріп тұрып Самарқанның жағдайы туралы былай деп жазады:

Төңіректің төрт бұрышынан келген тауарлар Самарқанға жиналыпты... Қытайдың торғын-торқалары көз жауын алады.

Қытайдың торғын-торқасы осы жолмен Орта Азияға, Батыс Азияға және Еуропаға толассыз тасылды, сонымен тұт ағашын өсіру өнері де батысқа тарала бастады. Сондай-ақ Шыңжаңнан шығатын қас тасы, былғары, жүн әдиял сияқты тауарлар мен орта жазықтың темір ыдыстары, фарфор ыдыстары, сырлы ыдыстары, шабдолы, өрік, рауағаш, дәршен сияқты өнімдері батыс базарына қатар кірді. Орта Азияның, Батыс Азияның және Еуропаның әйнек, жақұт, экономикалық дақылдары және хош иісті заттары, дәрі материалдары, сондай-ақ Отқа табыну діні, Бұдда діні, Ислам діні сияқты діндер де Қытайға кірді және таралды. Шығыс пен батыс арасындағы экономикалық, мәдени ауыс-түйіс адамзаттың материалдық мәдениетін байытты. Шығыс пен батыстағы халықтар Жібек жолы арқылы сыртқы мәдениетті қабылдап, бұрынғыдан да салауатты мәдениет жарата алды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 63 беті

Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығын ежелгі қолжазбалардағы мәліметтер дәлелдейді. Шаштан (Ташкенттен) жол Гизгирдқа, Испиджабқа келіп, одан әрі керуен Таразға бағыт алған. Тараздан солтүстікте Адахкет, Дех-Нуджикет қалалары орналасқан қимақтарға, оңтүстікте өздерінің туған өлкесінде - Шельдяни, Куля және т.б. қалаларға тірелген. Сондай-ақ Тараздан Төменгі Барысханға, одан әрі Құлан, Мерке арқылы Аспараға жететін болған. Х ғ. бастап Іле жазығындағы сауда жолы арқылы керуендер жүре бастайды. Осы жерден Іле Алатауының көпестері қазіргі Алматы мен Талғардың елді мекендеріне жолға шыққан. Талғарда жол қазіргі Шелек, Есік, Кеген аудандарында, Подгорныйға, одан әрі Шонжыға иек артады. Алакөл ауданында жол тармақталады. Екіөгіз, Қиялық, Көктем керуен жолдарымен Шығыс Түркістанға, Алтайға, Моңғолияға шығуға болатын еді. Сырдария қалаларын байланыстыратын жолдардың маңызы орасан зор. Ол Испиджабтан басталып, солтүстік-батыста - Арсубаникент, Арыс, Кедер, Шауғар, Сауран, Сығанаққа әкелетін. Сығанақтан Жентке және Янгикентке тірелген. Испиджабтан солтүстікке қарай түскен жол Күмкент, Аба - Ата, Созаққа барады. Одан әрі Орталық Қазақстанның жазық жерлері арқылы Кеңгір, Жезді, Нұра далаларына шығады. Атаулы керуен жолы XX ғ. басына дейін сақталып келді, тіпті, Ресей, Қазақстан және Орта Азияның қалалары мен елді мекендерін байланыстырып отырды, оған жақын жерлерде жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Ұлы Жібек жолы көп халықтардың мәдениетін түйістіруімен бірге оның табиғатының ерекшеліктерін анықтауда тарихи қызмет атқарды. Бұл істе Қазақстан жерін мекендеген халықтардың еңбегі де бар. Олар тұрғын үйді (киіз үй), ат әбзелдерін жасау өнерін, кілем тоқуды, күмістен түрлі әсемдік бұйымдарды соғуды, бай ауыз әдебиетін мұра етіп қалдырған. Осының бір айғағы - Есік және Аралтөбе қорымдарынан табылған «Алтын киімді адам» ескерткіштері, Шығыс Қазақстандағы Берел қорымынан табылған олжалар, ежелгі Түрік жазба әдебиетінің орхон ескерткіштері.

Тапсырма 1. Сен білесің бе?» – сұрақ-жауап ойыны

1. Ұлы Жібек жолы қай елден басталды?
2. Қазақстан арқылы өткен қандай жол бағытын білесің?
3. Бұл жол қандай қалалар арқылы өтті?
4. Жолдың мәдени маңызы неде?
5. Қазіргі заманда Ұлы Жібек жолы идеясы қалай жалғасуда?

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ- жауап.

Таңдау бойынша:

- 1.«Мен Ұлы Жібек жолымен саяхаттасам...» тақырыбында шағын шығарма жазу
- 2.Ұлы Жібек жолы өткен Қазақстан қалалары туралы зерттеу жасап, картаға түсіру
- 3.Ұлы Жібек жолының қазіргі жаңғыруы (Қытай – «Бір белдеу, бір жол» жобасы) туралы ақпарат іздеу

№ 11 сабақ

5.1.Тақырып: Радиоарналарды тыңдаймын.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 64 беті

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Радио, радиоарналар туралы түсінік беру, тыңдалым арқылы негізгі ойды анықтауға үйрету, радиохабардың мазмұнын талдай білуге дағдыландыру. Тыңдалым, сөйлесу және ой бөлісу дағдысын дамыту, қиялын, сөздік қорын кеңейту.

5.3. Оқу міндеттері: Ақпаратты тыңдап, талдауға үйрету, білім алушылардың мәдениетті тыңдаушы болуына тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Атқа міну туралы мәліметпен таныстыру

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Радио (лат. radio — оқимын, сәуле шығарамын ← radius — сәуле) - сымсыз байланыстың бір түрі, сигнал таратушы ретінде әуе толқындары пайдаланады. Радиобайланыстың қасиеті - әуе толқындар арқылы хабарларды аса шалғайға сымсыз әдісімен жеткізу.

Хабарлағышқа орнатылған ұшқындық аралық тербелмелі контур жіберіп - таратушы антеннамен индуктивті байланыста және онымен резонанстық күйге келтіріледі. Сигналды тіркеу тәсілдері әуе толқындар (радиотолқындар) арқылы жіберген сигналды (хабарды) қабылда алады. Радиобайланысты алғаш ойлап тапқан - А. С. Попов.

Радиохабар - радиобайланыстың көмегімен әуе толқындары арқылы берілетін ақпараттық, қоғамдық - саяси, көркем және музыкалық хабарлар, жедел ақпарат, бұқаралық үгіт пен насихат жұртшылықты оқыту - ағарту құралдарының бірі. Демек, бұқаралық ақпарат құралдары бір түрі.

Радионың негізгі жанрлары: ақпараттық, қоғамдық саяси жанрлар, көркем публицистикалық жанрлар (радиоочерк, радиопельетон, радиокомпозиция), көркем жанрлар (радиоинсценировка, радиопьеса, тағы басқа). Радио сонымен бірге өз хабарларында барлық жанрда орындалған әдеби және музыкалық шығармалардың трансляциясын да, радиоға арнайы дайындалған драмалық және опералық спектакльдерді де пайдаланады.

Тапсырма 1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

1. Радио не туралы айтты?
2. Қандай сөздер есінде қалды?
3. Диктордың дауыс ырғағы қандай болды?
4. Әңгіме сені қызықтырды ма?

Тапсырма 2. "Ой қозғау":

Оқытушы радио жүргізушінің дауысын салып, кіріспе жасайды:

«Сіз “Шалқар” радиосын тыңдап отырсыз...»

→ Білім алушылар радионың ерекшелігін айтады (көзбен емес, құлақпен қабылдаймыз, т.б.)

Тапсырма 2. 1-тапсырма (топпен):

Топ

Тапсырма

- | | |
|-------|---|
| 1-топ | Радио жүргізуші рөлінде 30 секундтық хабарлама дайындау |
| 2-топ | Радио тыңдаудың пайдасы мен кемшіліктерін талдау |
| 3-топ | Өз радиоарнаңыздың атауын, бағытын ойлап табу |

→ Әр топ өз жұмысын таныстырады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 65 беті

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма1. Әдебиетте жаңаша ізденістердің өріс алуына қандай жағдайлар әсер еткені туралы айтыңдар.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6.Әдебиет:.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: сұрақ- жауаптар.

Тандау бойынша:

- 1.Радио жүргізуші болсам...
- 2.Үйде кез келген радиоарнаны тыңдап, атауын, мазмұнын жазу.
- 3 Радио мен теледидардың айырмашылығын жазу (салыстыру).

№ 12 сабақ

5.1.Тақырып: Қазақтың тұңғыш дикторлары.

Сағат саны: 2 сағат **90 мин.**

5.2. Мақсаты: ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу;

5.3. Оқу мақсаттары: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, екшеліктерін талдау.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

Қазақтың тұңғыш дикторы туралы ақпарат

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Қазақтың тұңғыш дикторы.

Радио дүниенің сырын үн арқылы жеткізетін өркениеттің ғажап жетістігі. Ол - ақпарат айдынында ең жедел әрі шынайы құрал. Шынайы дейтін себебіміз - адамның жан-дүниесін, көңіл-күйін оның дауысынан-ақ тануға болады. Алғашқы дикторлар:

1. Сауық Жүсіпова – алғашқы әйел диктор
1940-жылдары Қазақ радиосында жұмыс істеген
Әдеби хабарлар мен ресми ақпараттарды оқыған
Өсерлі, анық сөйлеуімен ерекшеленген
2. Мәлік Ғабдуллин – алғашқы ер диктор
Радиода ресми ақпарат таратқан
Сонымен қатар ғалым, жазушы, батыр
Мәдени сөйлеудің үлгісін көрсетті
3. Басқа танымал дикторлар:
Батырхан Серкебаев, Әнуарбек Байжанов (кейінгі буын)

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 66 беті

Ұлттық үнжарғысы – Қазақ радиосында жылдар бойы халыққа қызмет етіп, оған тағдырын байлаған жандар қаншама. Солардың бірі – Қазақ радиосының ардагері, қазақтың тұңғыш дикторы Мина Сейітова.

Мина Сейітова 1919 жылы 25 тамызда дүниеге келген. Ол Қазақ радиосының табалдырығын алғаш аттаған кезде небәрі 15 жаста болды. Содан бастап, 44 жыл микрофон алдында қызмет етіп, талай дикторға, сонымен қатар, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Мұқағали Мақатаев сынды ұлттық мәдениеттің марқасқаларына ұстаз болған. II Дүниежүзілік соғыс кезінде ақпарат бюросының барлық ақпараты Мәскеуде Левитанның үнімен тарап жатса, қазақ даласына ол Мина Сейітованың дауысымен жеткен.

Қазақ телевизиясының ардагері тұңғыш диктор Зүлкия Жұматова 100 жасқа толды. Қос ғасырдың куәсі сонау 60 жылдары алғаш рет телеарна табалдырығын аттаған болатын. Жарты ғұмырын осы салаға арнаған ардагер жазушы Мұхтар Әуезовтің көзін көріп, сұхбат алған. Ал сол кездегі режиссер Шәкен Айманов Зүлкия Мұқанқызын дикторлыққа 750 үміткердің ішінен тандап алған екен. Өлең оқуды жаны сүйетін Зүлкия Жұматованың дәл осы туындысы телевизия саласына жетеледі. Өйткені, Шәкен Айманов үміткердің даусы мен мәнеріне жоғары баға берген еді. 1958 жылы балалар бағдарламасына редактор болам деп келген ол 37 жасында ойламаған жерден диктор атанады. Зүлкия Мұқанқызы - дикторлық дәуірдің дара тұлғасы. Оның саналы ғұмыры көрерменнің көз алдында. Көптің ықыласына бөленген ол халқына қашанда тілекші.

Тапсырма 1. Жұмбақты шеш. Сөз тіркестерін тауып, жазыңыз. Оның қандай тәсіл арқылы байланысып тұрғанын айтыңыз:

- Батырмасын басасың, қажет файлды ашасың.
 - Компьютерге енеді, қағазды басып береді.
 - Мәліметті сұрасан, Экранға шығарған.
 - Төртбұрышты терезеден
- Аласың жаңалық әлемнен

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сен қандай ақпарат құралдарын оқисың?
2. Сенің ең сүйікті бағдарламаң қандай?
3. Сен үшін қандай байланыс құралы тиімді?
4. Компьютерді жиі қолданасың ба?
5. Қандай компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей аласың?

Тапсырма 3. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексеріңіз. Дәлелде.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Жанболат Аупбаев — Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, аудармашы, сценарист		
Ол ертегі жазумен айналысады.		
Ол сирек кездесетін мамандық иелері, табиғат құпиялары туралы деректі әңгімелер жазады.		
Ол Олжас Сүлейменов пен Сәтімжан Санбаевтің публицистикалық шығармаларын орыс тіліне шебер аударған		
«Қажымұқан мен Қажытай», «Хан Тәңірі» атты деректі кино сценарийлерінің авторы.		

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 67 беті

«Диктор» атты деректі әңгімесінде қазақ тұңғыш дикторы — Лазиза Аймашева туралы айтылады.		
Радиолокаторлар алыс қашықтықтағы ұшақ кемеңі таба алады.		

Тапсырма 4. Диалогті рөлге бөліп оқыңыз.

— Кез келген адамның өмірінде өзі ерекше қастерлейтін, жақсы көретін бір күндері болады. Мен үшін сондай күн — 8 наурыз. «Неге?» — дейсің ғой? Айтайын. Осы күні мен шыр етіп дүниеге келіппін. Бұл — қуаныш па? — Қуаныш! Осы күн сонау ХХ ғасырдың алғашқы жартысында біз сияқты әйелдердің халықаралық мейрамы болып жарияланған екен. Ол — мереке ме? — Мереке! Бұл — аз десеңіз, міне, сол күні, яғни, 1958 жылдың 8 наурызында мен жаңадан ғана құрылып, жұмыс істей бастаған Алматы телестудиясының дикторы болып тұңғыш рет көгілдір экранға шықтым. Бұл — есте қаларлық оқиға ма? — Оқиға! Міне, осындай үш сәтті жағдайға байланысты өз басым 8 наурызды жақсы көріп, оны әр уақытта асыға күтемін, — деді Лазиза Аймашева. — Сонда қазіргі қазақ телевизиясының көрермендерге алғаш рет хабар берген күні — 8 наурыз болғаны ғой, — дедім мен. — 6 наурызда Медеу мұзайдыны туралы шағын сюжет көрсетілді. Бірақ 8 наурыздан бастап хабар тұрақты түрде өз жұмысын бастады. — Телевизияға диктор боп қалай келдіңіз? — Шынымды айтайын, бұл — менің мүлде көрмеген, білмеген жұмысым еді. «Студия», «камера», «микрофон» деген сөздерді сол уақытқа дейін тіпті естімеппін де. Өйткені мамандағым, атқарып жүрген жұмысым басқа салаға қатысты еді. Алматы медицина институтын бітірген мен сол кезде орталық аптекада фармацевт-провизор болатынымын. Ақын Жаппар Өмірбеков пен Қадыр Дәуітов Қазақстандағы тұңғыш ашылғалы жатқан телестудия дикторлары байқауына қатысуға шақырды. Дикторлар байқауына 100-ден артық адам қатысты. Мен байқауда жеңіп шығып, «Қазақтың тұңғыш дикторы» атандым.

(Жанболат Ауыпбаевтың «Диктор» деректі әңгімесінен)

Тапсырма 5. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мәтінді баянда.

Тапсырма 6. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жаз.

1. 1965 жылы қазақ телевизиясы 5 сағаттық бағдарламамен тұңғыш рет одақтық аренаға (соғу, шығу, орнау). 2. Содан бері жыл сайын 3 қазанда Мәскеуден тікелей эфирге шығып (отыру, жату, жүру). 3. Орталық телевизияның «Көгілдір от» залында Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Сәбира Майқановалар туралы (жазу, айту, көру). 4. Қазіргі кезде компьютерлік техника барлығын өзі реттеп (отыру, жазу, кіру).

Тапсырма 7. «Егер мен диктор болсам...» деген тақырыпта ой бөлісіндер. Ол үшін дереккөздерден дикторға қойылатын талаптар туралы ақпарат жинаңдар.

Тапсырма 8. Досыңа соңғы шыққан байланыс құралы туралы хат жазыңыз

Тапсырма 9. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып, жазыңыз. Сөз тіркесін талдаңыз:

1. Теледидар пайда болған соң да радио... рөлі төмендеген жоқ. 2. Қазіргі таңда дүниежүзі... радиохабар тарататын ел... қатары күннен күнге көбейе түсуде. 3. Радио... тыңдау үшін арнайы уақыт бөлу, күш жұмсаудың қажеті жоқ. 4. Адам... есту қабілетіне құрылған радио тыңдарманның қиял... мен сезіміне де өзгеше әсер етеді. 5. Мерзімді басылым... бұқаралық ақпарат құралдарына жатады. 6. Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналы... озбырлық...,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 68 беті

зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған. 7. Әйелдер... әлеуеті өсіп келеді. 8. Қазақстан... гендерлік саясат жақсы жүзеге асып келеді.

Тапсырма 10. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойыңыз. Адамның табиғи, дене ерекшеліктеріне байланысты туындайтын әлеуметтік қарым-қатынас гендерлік және жас айырмашылығы теңсіздігін тудырды. Өркениетті қоғамда социолог-мамандар осы өзекті мәселелерді зерттеуге көп мән береді. Себебі өркениетті қоғамда осы негізде құрылған ұйым, қозғалыс, бірлестіктер қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етіп отыр. «Гендерлік теңсіздік» ұғымы әйел адамның мен ер адам арасындағы теңсіздікті білдіреді. Әйел адам мен ер адамның арасындағы айырмашылық өте күрделі ұйымдардан тұрады. Социологтар гендерлік теңсіздік жыныстық сәйкестіктің әсерінен болатынын ескертеді («Әлеуметтану» оқулығынан).

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Білім алушылардың өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап.

1.«Менің сүйікті радиожүргізушім» тақырыбына шағын эссе

2.Радио дикторының дауыс мәнерін сипаттап жазу

3.Сауық Жүсіпова немесе Мәлік Ғабдуллин туралы қысқаша ақпарат жинау

№ 13 сабақ

5.1.Тақырып: Отбасы және гендерлік саясат

Сағат саны: 2 сағат **90 мин.**

5.2. Мақсаты: Білім алушыларға отбасы институтының рөлі мен гендерлік саясаттың мәнін түсіндіру. Қазақстандағы гендерлік теңдік туралы ұғым беру, Білім алушылардыңдың пікір айту, талдау, дәлелдеу дағдыларын дамыту, әлеуметтік мәселелерге сыни көзқараспен қарауға үйрету.

5.3. Оқу мақсаттары: Қоғамдағы әлеуметтік рөлдерді ажырату, Қазақстандағы отбасылық және гендерлік саясаттың құқықтық негізін білу, тақырып бойынша сыни ойлау, пікір айту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Отбасының қоғамдағы рөлі

2.Гендерлік саясат ұғымымен және оның қажеттілігі

3. Қазақстандағы гендерлік теңдік туралы ақпарат.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Отбасы және гендерлік саясат

Отбасы дегеніміз - қоғамның ең кішкентай бірлігі. Заңмен реттелетін әлеуметтік институт. Отбасылық қатынастар ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексімен реттеледі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 69 беті

Отбасының қызметтері:

Қызметі	Мазмұны
Тәрбиелік	Баланы адамгершілікке, еңбекке баулу
Қорғаныш	Мүшелерін қорғау, қолдау
Экономикалық	Ортақ бюджетті басқару
Әлеуметтендіру	Қоғамдық ережелерді үйрету

Гендерлік саясат дегеніміз - гендер — қоғамдағы ер мен әйелдің әлеуметтік рөлдері
Гендерлік саясат – әйел мен ердің қоғамдағы тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге
бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі
Қазақстандағы негізгі құжаттар:
ҚР Конституциясы
2006 ж. «Гендерлік теңдік стратегиясы»
2030 жылға дейінгі Отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы
Гендерлік теңдік мысалдары:

Сала	Мысал
Білім	Ұл-қызға тең білім беру мүмкіндігі
Еңбек	Әйелдер мен ерлерге бірдей жалақы
Саясат	Әйелдердің мемлекеттік қызметке араласуы
Құқық	Құқық қорғау, зорлық-зомбылықтан қорғану т.б.

Тапсырма 1.

Топ	Тапсырма
1-топ	Отбасының қоғамдағы рөлі туралы постер жасау
2-топ	Гендерлік теңдік туралы жағдаятты ойнап көрсету
3-топ	Гендерлік теңдіктің болмауынан туындайтын 3 мәселе жән шешім жолдары
→ Топтар өз жұмысын қорғайды (әр топқа 2–3 минут)	

Тапсырма 2. Сұрақ-жауап / тез ойлан, жауап беріндер:

- 1.Отбасы қандай құқықтық құжатпен реттеледі?
- 2.Гендер мен жыныс ұғымының айырмашылығы неде?
- 3.Қазақстанда гендерлік саясат қашан қабылданды?
- 4.Гендерлік теңдікті сақтау не үшін қажет?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері :шағын топпен жұмыс

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 15 мин.

Сабақты қорытындылау: 15 мин.

5.6.Әдебиет:

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап, жазбаша

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 70 беті

1. **Әссе:** «Отбасы – қоғам негізі»

2. **Зерттеу:** Қазақстандағы әйелдер мен ерлердің әлеуметтік жағдайы туралы мәлімет жинау.

3. Гендерлік теңдікке қатысты плакат дайындау

№ 14 сабақ

5.1.Тақырып: Телефон байланыс құралы.

Сағат саны: 2 сағат **90 мин.**

5.2. Мақсаты: Телефон түрлері мен оның байланыс құралы ретіндегі қызметін біледі.

Тыңдалым және оқылым мәтінімен жұмыс істейді, қысқаша хабарлама құрастырады
Телефон арқылы сөйлеу мәдениетін меңгереді.

5.3. Оқу мақсаттары: телефон туралы қысқаша мәтінді, дыбысы аудиофайлы (қоңырау, хабарлама үні) интерактивті тақта, маркерлері туралы мәлімет жинақтайды.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Телефон байланыс құралы туралы мәлімет.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин

Телефон байланыс құралы

Телефон – қазіргі замандағы ең маңызды байланыс құралының бірі. Адамдар бір-бірімен сөйлесіп қана қоймай, хабарлама жібереді, бейнеқоңырау жасайды. Ең алғашқы телефонды Александр Белл ойлап тапқан. Қазір смартфон арқылы тек сөйлесіп қана қоймай, фотоға түсіруге, ғаламторды пайдалануға болады.». Телефон байланысы кез келген қашықтықтағы абоненттердің тікелей сөйлеуін қамтамасыз етеді. Телефон байланысы 1876 жылы америкалық өнертапқыш А.Белл (1847 – 1922) ойлап тапқан телефон аппараты мен алғашқы телефон стансасының пайда болуынан (1878, АҚШ) басталды. Телефон байланысын жергілікті (қалалық және ауылдық), қалааралық, халықаралық, сондай-ақ мекемелік және жылжымалы (ұялы байланыс, радиотелефондық байланыс) деп бөледі. Телефон байланысы жолы күрделі техникалық құрылыстан (мысалы, кейбір қалааралық кабелдік байланыс жолдарында аралық регенераторлар мен күшейткіштер саны бірнеше мыңға жетеді) тұрады. 20 ғасырдың 80-жылдарының басынан талшықты оптикалық байланыс кабелінің негізінде байланыс жүйелері кең дамыды, абоненттердің радиотелефон арқылы байланысуын қамтамасыз ететін қабылдап-таратқыштардың (ұялы желілер) ұжымдық желісі пайда болды. Өте алыс қашықтықтағы байланыс үшін Жердің жасанды серіктері қолданылады.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушыларды өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма1. Мәтін бойынша сұрақтаға жауап беріңіз:

1.Телефон қандай қызмет атқарады?

2.Алғашқы телефонды кім ойлап тапқан?

3.Қазіргі телефон қандай мүмкіндіктер береді?

Тапсырма 2. Кесте толтырындар.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 71 беті

Телефонның түрі	Қызметі	Пайдасы
Ұялы телефон	Хабарласу, жазу	Уақыт үнемдеу
Смартфон	Интернет, фото, видео	Ақпарат алу

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: талдау жұмысы

- 1.Телефонның пайдасы мен зияны туралы шағын эссе
2. Өз телефоның туралы таныстыру мәтіні жазу (маркасы, не үшін қолдanasың)
3. Телефонмен сөйлескендегі сөйлеу мәдениеті туралы ақпарат жинақтау.

№ 15 сабақ

5.1. Тақырып: Гендерлік саясат – мемлекет пен қоғам ісі.

Сағат саны: 2 сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Гендерлік саясаттың мәнін, мақсатын түсінеді. Қазақстандағы гендерлік саясаттың ерекшелігін біледі, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік туралы пікір білдіреді.

Қоғамдағы ер мен әйел рөлін салыстырып, өз көзқарасын дәлелдейді

5.3. Оқу мақсаттары: Қоғамдағы әлеуметтік рөлдерді сипаттау, құқықтық құжаттар негізінде гендерлік саясатты түсіндіру, қоғамдағы гендерлік теңсіздікті анықтап, ұсыныс ұсыну.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. «Гендерлік теңдік деген не?» сұрағы арқылы сабаққа кіріспе
2. Мемлекет пен қоғамның ісі.
3. Гендерлік саясат туралы мәлімет.

Жаңа сабақты түсіндіру: 30 мин.

Гендер және гендерлік саясат түсінігі

Гендерлік саясат — мемлекет тарапынан ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған саясат

Мақсаты: Әйел мен ер азаматтың әлеуметтегі тең дәрежелі мүмкіндігін қамтамасыз ету зорлық-зомбылықтың алдын алу. Саясатқа, экономикаға, білімге қатысуда теңдік орнату.

Қазақстанда гендерлік саясат жақсы жүзеге асып келеді. Әйелдердің өздеріне кәсіби шығармашылық әлеуеттерін жақсы дамытуға мүмкіндік берілген.Мемлекеттік қызметтегі қызметкерлердің басын бөлігін жартысынан астам әйелдер қарайды.Денсаулық сақтау саласында олардың үлесі 70пайызға , білім беру саласында 65 пайызға жеткен.Бизнестегі басшылардың 40пайызы әйелдер Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметіне қарағанда бүгінгі таңда әйел адамдар басқараын жұмыс істейтін 640,5 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген.Сонымен қатар, әйелдер басқаратын шағын және орта бизнес субъектілері 41,5 пайызды құрап отыр. Даму кәсіпкерлігі даму қоры әйел қызметкерлерді шағын несиенен қолдау бағдарламасын жүзеге асырып келеді. «Даму қоры» арқылы 124 мыңнан астам адам білімді жетілдірілген, оның 43 пайызы –әйелдер.

Тапсырма 1.Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Әйелдер мен ер адам арасындағы теңдік дегенді қалай түсінесің?
2. Қазақстандағы қандай атақты іскер әйелдерді білесің?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Әдістемелік өңдеу		72 беттің 72 беті

3. Әйел адамдар көбінесе қай салада жұмыс істейді? Неліктен?

4. Сен тұратын аймақта қандай танымал әйел адам бар?

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : пікір -талас

Пікір-талас – оқытушы тарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау; 10 мин.

Сабақты қорытындылау: 10 мин.

5.6.Әдебиет.

Негізгі:

1. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Ерназарова З., Бекетова А., Кужакова С. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқыту әдістемесі. 1,2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2020.
- 2.Кәрібаев Б. Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. –Алматы: Сардар, 2016. -272 б.
- 3.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. Мектеп, 2019.
- 4.Косымова Г., Ергожина Ш., Арын Е. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. Мектеп, 2019.
- 5.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Методическое руководство. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 6.Косымова Г., Бисенбаева М., Берденова К. Қазақ тілі мен әдебиеті. Оқулық + CD. –Алматы: Мектеп, 2020.
- 7.Оразбаева Ф., Дәулетбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Дидактикалық материал. Көкжиек – Горизонт, 2019.
- 8.Оразбаева Ф., Дәулетбекова Ж., Рахметова Р., Рауандина А., Саметова Ж. Мукеева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті: Тіл-Байрақ. Лексикалық минимум. Көкжиек – Горизонт, 2019.
9. Хазимова А., Салыхова Б., Бейсебекова М.. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. –Алматы: Кітап, 2016.

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: сұрақ-жауап, жазбаша

1. «Гендерлік саясат – әділ қоғам негізі» тақырыбында шағын эссе жазу
- 2.Қазақстандағы гендерлік саясат туралы 5 баптан тұратын ақпараттық парақша жасау
- 3.Гендерлік теңдікке арналған ұран немесе әлеуметтік жарнама ұсыну

№2 Аралық бақылау жұмысы

1. Ыбырай Алтынсарин. "Дүние қалай етсең, табылады?"
2. "Ұлы Жібек жолы тарихы" Саяхат сабақ.
3. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары
4. Радиоарналарды тыңдаймын
5. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары
6. Қазақтың тұңғыш дикторы.
- 7.Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік саясат
8. Отбасы және гендерлік саясат
- 9.Телефон – байланыс құралы.
10. "Гендерлік саясат – мемлекет пен қоғам ісі" аргументативті эссе жазу.
11. Қазақстандағы діни мерекелер.
12. Әбдіжәміл Нұрпейісов. "Қан мен тер" романы.